



ПРЕЗИДЕНТ

ТІЛЕГІ – БІР, ТАРИХЫ – ТАМЫРЛАС



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапармен барды. Мемлекет басшысының ресми сапары «Ата бейіт» ұлттық тарихи-мемориалдық кешеніне зиярат етуден басталды.

Мұнда Отанына әр кезеңде қалтқысыз қызмет еткен қырғыз халқының даңқты перзенттері, сталиндік репрессия құрбандары жерленген. Кешенге «Ата бейіт» атауын жазушы Шыңғыс Айтматов ұсынған. Мемлекет басшысы мемориалдық кешен аумағындағы 1916 жылғы үркіншілік құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоғын қойды. Бұдан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қырғыз халқының кеменгер жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бейітіне зиярат етіп, қаламгердің рухына Құран бағыштады.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Президент Садыр Жапаровпен кездесті. Келіссөзге дейін «Ынтымақ Ордо» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер бір-бірімен амандасқаннан кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Құрмет карауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров сап түзеген сарбаздардың алдынан жүріп өтті. Бұдан кейін мемлекеттер басшылары ресми делегация мүшелерін таныстырып, келіссөз залына барды.

Қазақстан Президенті бауырлас Қырғыз Республикасына ресми сапармен келуге шақырғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты.

— Бұл сапар екі ел арасындағы достық қатынастың дамуына тың серпін береді деп сенемін. Шын мәнінде, қазақ пен қырғыз — тілектес, бауырлас елдер. Біздің тарихымыз — тамырлас, салт-дәстүріміз бен таным-түсінігіміз, ұлттық болмысымыз ұқсас. Қос халықтың татулығы мен өзара

құрметі ешқашан үзілген емес. Қазір де ықпалдастығымыз стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамуда. Біз барлық деңгейде өзара құрметке негізделген саяси диалог орнаттық. Мемлекетаралық, парламентаралық және үкіметаралық кеңестеріміз табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ өңіраралық байланыстарды дамытып жатырмыз. Жалпы, екі елдің арасында жан-жақты әрі тығыз ынтымақтастық орнаған, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Садыр Жапаров шақыруын қабыл алып, Қырғызстанға ресми сапармен келгені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын жеткізді.

— Сізді Қырғызстанда көрнекті мемлекет қайраткері және халықаралық деңгейдегі тәжірибелі дипломат ретінде біледі. Соңғы жылдары Сіздің қолдауыңызбен екі елдің қарым-қатынасы жаңа деңгейге өтіп, достығымыз бен бауырластығымыздың бекемделе түсуі бізді қуантады. Қазақ елі — біз үшін ерекше ел. Біздің мәмілелеріміз Токтоғұл мен Абайдай, Шыңғыс пен Мұхтардай аталарымыз салған ізбенен жалғасқан. Тарихи мұрамызды ұмытпай, келешек буынға жеткізуді негізгі мақсатымыз деп есептеймін. Өз тарапымынан өзара қарым-қатынасымызды одан әрі ілгерілетуге дайынмын. Біздің негізгі күшіміз — екі елдің ынтымағы мен бірлігі, — деді Қырғызстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаровтың төрағалығымен Қазақстан мен Қырғызстан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің жетінші отырысы өтті. Отырыс барысында сауда-экономикалық, көлік-транзиттік,

су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан мен Қырғызстан мемлекеттері басшыларының Бірлескен мәлімдемесі қабылданды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесі жетінші отырысының шешімдеріне қол қойды.

Ресми делегация мүшелері екіжақты тауар айналымын 2030 жылға қарай 3 миллиард долларға дейін ұлғайту бойынша Жол картасы және басқа да үкіметаралық, ведомствоаралық құжаттармен алмасты.

«АЛТЫН ҚЫРАН» — БАУЫРЛАСТЫҚ АЙҒАҒЫ

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровты «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев марапаттау рәсімінде Садыр Жапаровты қырғыз халқын алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы, білікті саясаткер деп білетінін айтты.

— Қырғызстанды көркейту жолындағы қажырлы еңбегіңізді жоғары бағалаймыз. Саликалы саясатыңыздың арқасында еліңіз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Қырғыз экономикасы жоғары қарқынмен дамып келеді. Өзіңіздің бастаманыңбен түрлі салада тың, ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Әлеуметтік салада, ғылым-білім жүйесінде ауқымды өзгерістер жасалуда. Мұның барлығы қырғыз елінің экономикасын нығайтып, халықаралық сахнадағы абырой-беделін арттыра түсетіні сөзсіз. Сіздің көреген қадамдарыңыз аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізді. Парасатты басшылы-

ғыңызбен бауырлас қырғыз жұрты бұдан да биік белестерді бағындыра беретініне кәміл сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанда бір туған бауырлас ел ретінде Қырғызстанның барлық жетістіктеріне шын жүректен қуанатынын жеткізді.

— Қазақ пен қырғыз — ежелден еншісі бір, ағайынды халықтар, салт-дәстүрі мен тарихы ортақ елдер. Біздің тіліміз бен діліміз, атымыз бен затымыз — ұқсас. Бүгінде елдеріміз арасында өзара сенім мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнаған. Одақтастық рухындағы байланысымыз нығайып келеді. Қос мемлекеттің стратегиялық әріптестігі қарқынды дамып жатыр. Сіз бұл іске өлшеусіз үлес қосып жатсыз. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-қырғыз ықпалдастығы жаңа қарқын алды. Стратегиялық әріптестікті тереңдетуге бағытталған тың бастамалар көтерілді. Мемлекеттеріміздің мүддесіне сай жаңа ортақ жобалар қолға алынды. Маңызды бастамалар қос халыққа тән шынайы бауырластықты көрсетіп, достығымызды одан әрі бекемдей түседі деп санаймын. Қазіргі алмағайып кезеңде осы ынтымағымызды күшейтудің айрықша мәні бар. Себебі біздің мығымас бірлігіміз — баға жетпес байлығымыз. Қырғыздың залқар ақыны Токтағұл Сатылғановтың «Жақсы адамның белгісі — ел қамы үшін күйінер» деген сөзі бар. Сіз қырғыз елін өркендету жолында табанды еңбек етіп, халқыңызға адал қызмет етіп келесіз. Сондай-ақ халықтарымыз арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта түсуге орасан зор еңбек сіңіріп жатсыз. Мұны барша қазақ жұрты жақсы біледі. Осыған орай, мен Сізді Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы — «Алтын Қыран» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл награда — Қазақ елінің Сізге жә-

не бүкіл қырғыз халқына деген ерекше құрметі мен шынайы алғысының риясыз белгісі, — деді Президент.

БІРЛІКТІҢ ЖАҢА ҚАДАМЫ

Келіссөздер қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров БАҚ өкілдері үшін мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің жетінші отырысы барысында екіжақты қатынастарға қатысты бірқатар өзекті мәселе егжей-тегжей талқыланып, екі елдің де мүддесіне сай келетін маңызды келісімдерге қол жеткізілгенін мәлімдеді.

— Бауырлас мемлекеттер ретінде кез келген мәселені өзара сенім мен одақтастық рухында шешеміз деген пайымға келдік. Біздің өзара тиімді ықпалдастықты одан әрі кеңейтуге ниетіміз бар. Оған саяси күш-жігеріміз де жетеді деп кәміл сенемін. Бүгінгі келіссөздердің нәтижесі туралы жаңа ғана құрметті Президент айтты. Біз, ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға айрықша назар аударып отырмыз. Қазақстан — Қырғызстанның сауда және инвестиция саласындағы негізгі серіктесінің бірі. Былтыр өзара тауар айналымы 1,7 миллиард долларға жетті. Биылғы жарты жылдың көрсеткіштері де жаман емес. Алдағы 5 жылда сауда-саттық көлемін 3 миллиард долларға дейін арттыруға мүдделіміз. Сондықтан бүгін арнайы Жол картасына қол қойылды. Жалпы, екіжақты сауда айналымын ұлғайтуға мол мүмкіндік бар. Келесі жылы қазақ-қырғыз шекарасында салынып жатқан Индустриялық сауда-логистика кешені іске қосылмақ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ТІЛЕГІ – БІР, ТАРИХЫ – ТАМЫРЛАС

(Басы 1-бетте)

Президенттің пікірінше, екі елдің агроөнеркәсіптегі әлеуеті зор.

— Бұл саладағы тауар айналымы жалпы сауда-саттықтың 25 пайызына тең. Сондықтан өнім көлемін арттыру, бірлескен кәсіпорындар ашу өте маңызды. Осы орайда қос елдің үкіметтеріне алдағы екі жылға арналған Жол картасын қабылдау туралы тапсырма берілді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев казак инвесторлары қырғыз экономикасының маңызды секторларын дамытуға үлес қосып келе жатқанына назар аударды. Қазакстан соңғы 20 жылда Қырғызстан экономикасына 1,4 миллиард доллар инвестиция салған. Оның ішінде әлеуметтік маңызы зор жобалар бар.

— Біз бірлескен кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасай береміз деп келістік. Сондай-ақ казак-қырғыз шекарасының өткізу мүмкіндігін арттыруға баса мән бердік. Жүк тасымалы мәселесіне де ерекше назар аудардық. Соңғы кезде осы бағытта бірқатар ауқымды іс-шара атқарылды. Қазір шекарадағы сегіз өткізу бекетін жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс

насты үйлестіру мәселесіне айрықша тоқталды.

— Траншекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану аймақтағы тұрақтылық пен орнықты дамудың маңызды факторына айналып отыр. Осы бағыттағы ынтымақтастықты жалғастыруға жөн деп санаймыз. Біз барлық келісімді мүлтіксіз орындауға және стратегиялық маңызы бар бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін күш-жігерімізді жұмылдыруға дайынбыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттер сондай-ақ жаһандық және аймақтық мәселелер туралы пікір алмасқан. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазакстан мен Қырғызстанның көптеген халықаралық түйткілге қатысты ұстанымы — ортақ. Әсіресе, Орталық Азиядағы ықпалдастықты күшейту екі елдің мүддесіне сай келеді.

— Биыл аймақтағы мемлекеттер басшылары кезекті Консультативтік кездесуде бас қосып, осы мәселелерді талқылаймыз. Қазакстан мен Қырғызстан Біріккен Ұлттар Ұйымы және басқа да құрылымдар аясында табысты серіктестік орнатқан. Бұл ретте Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының



Енді соларды тиімді жүзеге асыру маңызды. Казак тарапы бұл үшін қажетті әрекеттерді жасауға дайын, — деп қорытындылады сөзін Мемлекет басшысы.

Салымбеков II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

Президент Қырғыз Республикасының көрнекті мемлекет қайраткерлері қажырлы еңбек етіп, екіжақты ынтымақтастықты дамытуға зор үлес қосып жүргенін атап өтті.

— Соның арқасында саяси, экономикалық, мәдени байланыстарымыз нығайып келеді. Парламентаралық ықпалдастығымыз да күшейе түсті. Осы орайлы сәтте мен Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің төрағасы Камчыбек Кыдыршаевич Ташиевке шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіз қауіпсіздік саласындағы екіжақты әріптестікті терендетуге зор үлес қосып жатырсыз, аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында атқарған табанды еңбегіңіз жоғары бағаға лайық. Бүгінгі шара — жай ғана марапаттау рәсімі емес. Бұл — Қазакстанның Қырғыз халқына деген зор ризашылығы мен құрметінің белгісі. Сондықтан бұл күн мәңгі бауырластық пен тату көршіліктің жарқын үлгісі ретінде казак-қырғыз қатынасының жылнамасына алтын әріппен жазылды деп ойлаймын. Сіздер Қырғызстанның көркеюіне, сондай-ақ екі ел арасындағы жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТАТУ КӨРШІЛІКТІҢ АРҚАУЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров «Достықтың алтын көпірі» ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты.

Мемлекеттер басшылары Бішкек қаласындағы Қазакстан мен Қырғызстан достығы аллеясында орналасқан «Достықтың алтын көпірі» ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты. Монумент қос халықтың ұлы қаламгерлері Мұх-

тар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовқа арналған. Қырғызстандағы казактар қауымдастығы бастамашы болған бұл жоба екі ел басшылары тарапынан қолдау тапқан.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің ұлы перзенттері татулығымыз туралы көптеген тағылымды сөз қалдырғанына тоқталды.

— Жыр алыбы — Жамбылдың қос халық жайлы «Жүрегі — бір, жолы — бір, сыйласқан тату тең болды» деген сөзі бар. Ал әйгілі Токтоғұл «Қанатым — казак туысқан» деп толғаған. Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматов та өзара тілектес халықтарымыздың жүрек сөзін шығармалары арқылы жеткізген. Мұхтар Әуезов қырғыздың эпикалық мұраларын жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосқан. «Манас» жырын терең зерттеген. Атақты дастанды кеңестік жүйенің қайшысынан аман алып қалған. Сондай-ақ Мұқаң — Айтматовтың ғаламат шығармашылық әлеуетін алғаш таныған қаламгердің бірі. Ал Шыңғыс Төрөкүлұлы: «Өзге елдерге барғанда өзіммен бірге ала жүретін екі ұлттық құндылығым бар. Ол — Манас пен Мұхтар Әуезов» деген. Бұл — рухани құндылықтарымыздың екі елге де ортақ екенін паш ететін айқын көрсеткіш. Заңғар жазушының «Жәмилә», «Ақ кеме», «Ана-Жер-Ана», «Боранды бекет» шығармалары казак әдебиетінің де қазынасына қосылған асыл мұралар деп күмәнсіз айтуға болады. Ұлы тұлғаларымыздың достығы мен өзара сыйластығы кейінгі буынға үлгі-өнеге екені сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы мұндай сабақтастық сан түрлі салада жалғасып келе жатқанын жеткізді.

— Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы», «Көксерек» туындыларын қырғыз режиссерлері Болотбек Шамшиев пен Толмуш Өкеев кино тілінде сөйлетті. Ал казак режиссері Ардак Әмірқұлов «Қош бол, Гүлсарының» желісімен көркем фильм түсірген. Елдеріміздің арасындағы тығыз рухани байланысты мәңгі достық пен тату көршіліктің арқауы деуге болады. Оны бағалай білу және нығайта түсу — баршамызға ортақ парыз. Бұл — ұлы жазушыларға, сондай-ақ нағыз елдікке арналған бірегей ескерткіш, казак-қырғыз бауырластығының айқын белгісі. Бүкіл Казак елінің айыр қалпақты ағайынға ықпалы ерекше. Біз қырғыз ағайынның да дәл сондай риясыз пейілін үнемі сезініп жүреміз, — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Бішкек қаласындағы Кемел Тоқаев атындағы №33 мектеп-гимназияны бірге аралап көрді. Бұл ғимаратта Ұлы Отан соғысы жылдары Фрунзе жаяу әскер училищесі орналасқан. Қазакстан Президентінің әкесі — соғыс ардагері, жазушы Кемел Тоқаев дәл осы жерден майданға аттанған. Білім ошағына К.Тоқаев есімін беру туралы бастаманы Президент Садыр Жапаров биыл мамыр айында көтерген болатын. Мемлекет басшысы білім ордасының ұстаздарымен және оқушыларымен әңгімелесті.

Халықаралық Манас әуежайынан Мемлекет басшысын Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров құрметпен шығарып салды.

Мейір ЖАСЫН



алдағы екі жылда толық аяқталады. Оны екі ел үкіметі ерекше бақылауда ұстайды. Мұның бәрі өзара сауда көлемін арттыруға септігін тигізеді, — деді Мемлекет басшысы.

Тағы бір өзекті мәселе — аймақтардың ықпалдастығын жандандыру. Бұл ретте мемлекеттер басшылары Аймақаралық форумның келесі отырысын көп созбай өткізуге келіскен. Сонымен қатар келіссөздер барысында цифрландыру және электрондық үкімет саласындағы ынтымақтастық әлеуеті талқыланды. Тараптар экономика саласын цифрландыру үшін тәжірибе алмасуға және ақпараттық байланысты күшейтуге уағдаласты.

Мемлекет басшысы су-энергетика саласындағы қарым-қаты-

Орнықты даму мақсаттары бойынша өңірлік орталығын құруға қолдау көрсеткені үшін қырғыз тарапына алғыс айттық. Біз Қырғызстанның 2027–2028 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болуын толық қолдаймыз. Қырғыз елінің Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы төрағасы ретінде атқарып жатқан жұмысын жоғары бағалаймыз. Қырғыз бауырлар да Қазакстанның Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі аясындағы бастамаларын үнемі қолдап жүреді. Біз бұған ризашылығымызды білдіреміз. Жалпы, бұл сапар екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсері анық. Бүгінгі келісімдер — соның айқын дәлелі.

БАУЫРЛАС ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның бірқатар мемлекет және қоғам қайраткерін марапаттады. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазакстан мен Қырғызстан арасындағы достық және одақтастық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қырғыз Республикасы Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары — Мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Камчыбек Ташиев I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Қырғыз Республикасының VII шақырылған Жогорку Кенешінің депутаты Дастанбек Жұмабеков, Қырғызстан Президентінің кеңесшісі Арслан Койчиев, қоғам қайраткері Аскар

СЕНАТ

ПАРАСПОРТТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Астанада алғаш рет боччадан Astana 2025 World Boccia Challenger беделді халықаралық жарысы өтуде. Сайыс Халықаралық бочча федерациясының (BISFed) қолдауымен ұйымдастырылып отыр. Турнир барысында әлемнің 12 елінен келген спортшылар бақ сынайды. Жарыстағы көрсеткіштеріне байланысты оларға 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына қатысу үшін рейтингтік ұпайлар беріледі. Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында жалауы желбіреген іргелі сайыстың салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев қатысты.



Мәулен Әшімбаев өз сөзінде жарысқа қатысушыларға ілтипат білдіріп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде инклюзивті қоғам қалыптастыруға үлкен көңіл бөліп отырғанына және бұл бағыттың негізгі басымдықтарына назар аударды. Сондай-ақ федерация президенті Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отырған ірі халықаралық жарыстың маңызына тоқталып, турнирге Корея, Сингапур, Үндістан, Италия, Иран, Өзбекстан, Сауд Арабиясы, Моңғолия, Кипр, Біріккен Араб Әмірліктері және басқа да елдерден келген 56 үздік спортшы қатысып жатқанын айтты. Мұндай ауқымды іс-шара елімізде паралимпиадалық спортты дамыту және

баршаға тең мүмкіндік жасау жолында атқарылып жатқан жұмыстардың нақты нәтижесі екені анық.

«Қазақстанның инклюзия, теңдік, құрмет пен ерік-жігер дәріптелетін жаһандық қоғамдастықтың белді өкіліне айналғанын мақтан тұтамыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде параспортты дамытуға және бұл саланың қоғам үшін маңызы зор екеніне үнемі баса мән беріп келеді. Бүгінде Қазақстанда параспортшыларға өз әлеуетін іске асырып, максаттарына жетулері үшін барлық жағдай жасалуда. Бұл ретте World Boccia Challenger турнирі де елімізде параспортты және инклюзия мәдениетін ілгерілетуге

ықпал етеді деп сенеміз», — деп Мәулен Әшімбаев беделді сайысты Қазақстанда өткізуді ұйғарғаны үшін Халықаралық бочча федерациясына және осы іске атсалысқан командаға алғыс білдірді.

Сондай-ақ ашылу рәсімінде қысқа мерзім ішінде Қазақстан бочча федерациясы, жаттықтырушылар, параспортшылар, ата-аналар және ниеттес жандар мен еріктілер орасан зор жұмыс атқарғаны айтылды. Қазір еліміз бойынша 250-ден астам мүмкіндігі шектеулі жан осы спортпен тұрақты шұғылданып келеді. Олардың қатарында балалармен бірге ересектер де бар.

«Федерацияның, ата-аналар мен жаттықтырушылардың ерік-жігерінің арқа-

сында Қазақстанда бочча қарқынды даму-да. Қазірдің өзінде еліміздің 20 қаласында жаттығулар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Ұлттық федерациядан бөлек, 10 өңірлік федерация құрылды. Тұрақты ұйымдастырылатын ұлттық турнирлер параспортшыларға жаңа мүмкіндіктер беріп, оларды жігерлендіре түседі. Қазір Қазақстан әлемдік рейтингте 18-орында және Орталық Азияда көш бастап тұрғанын да атап өткен жөн. Көздеген мақсатқа жету жолындағы табандылық пен адалдықтыңың үшін баршанызға алғысымды білдіремін. Сіздер өз іс-әрекеттеріңізбен шын жүректен сеніп, тек алға ұмтылған жан кез келген биікті бағындыра алатынын дәлелдеп келесіздер», — деді Мәулен Әшімбаев.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай турнирлер — маңызды спорттық сайыс қана емес, сонымен қатар тәжірибе алмасу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және өңірде инклюзивті спорт түрлерін дәріптеу алаңы. Бүгінде Қазақстан құрамасы ірі халықаралық жарыстарға белсенді қатысып келеді. Сондай-ақ қатарында 50-ден астам ел бар BISFed-тің әлемдік рейтингінде АҚШ, Испания және басқа да жетекші құрамалардан жоғары тұр. Ал Орталық Азияда Қазақстан боччадан абсолютті көшбасшы. Одан бөлек, соңғы жылдарда Ұлыбритания, Үндістан, Таиланд және Оңтүстік Корея мамандарының қатысуымен халықаралық жаттықтырушылар мен төрешілерге арналған курстар, жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру бойынша кешенді жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Осындай нақты қадамдардың арқасында үш жыл ішінде боччадан Қазақстан Республикасының 12 спорт шебері шықты.

Айта кетейік, Astana 2025 World Boccia Challenger сайысын Туризм және спорт министрлігінің, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның, Sport Qoғу Туризм және спорт индустриясын қолдау қорының және басқа да серіктестердің қолдауымен Қазақстан бочча федерациясы ұйымдастырды.

ҮКІМЕТ

САПА МЕН ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ МАҚСАТ

Үкіметте Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен автокөлік жолдарының сапасын арттыру мәселелері бойынша жиын өтті. Көлік желісін жаңғырту бойынша Президент қойған міндеттерді ескере отырып, саланың қазіргі жағдайы мен даму жоспары қаралды.

Жиын барысында көлік вице-министрі Максат Қалиақпаров, «ҚазЖолҒЗИ» АҚ президенті Арман Әлібаева баяндама жасады. Көлік министрлігінің мәліметінше, еліміздегі автокөлік жолдарының жалпы ұзындығы 185 мың шақырымды құрайды, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар 25 мың шақырым, жергілікті деңгейде 70 мың шақырым жол және елді мекендердің 90 мың шақырым көшелері бар.

Максат Қалиақпаров автожолдардың сапасын арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. 2025 жылы 13 мың шақырым жол қамтылмақ. Оның ішінде республикалық 2 мың шақырымнан астам жол реконструкцияланып, облыс орталықтары арасындағы 6,6 мың шақырым жол жөнделмек, ал жергілікті жерлерде 4,1 мың шақырым жол жаңартуға жатады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша республикалық маңызы бар жолдардың нормативтік жай-күйін 94%-ға,

жергілікті жолдардың нормативтік жай-күйін 91%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.

Заңнамалық деңгейде бірқатар түзету қабылданды. Соның негізінде сапа орталығының ескертулерін жоймай нысандарды пайдалануға қабылдауға тыйым салынды, ал 2023 жылдан бастап барлық орташа жөндеу жобалары жобалық шешімдердің және олардың құнының дұрыс қолданылуына қатысты ведомстволық сараптамадан өтуге міндетті.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар шеңберінде 2025 жылдың 7 айындағы қорытынды бойынша сапасыз жол-құрылыс материалдары мен ақаулар санының 2%-ға төмендегені, жергілікті жолдарды қиыршық тастан асфальтбетон төсеміне ауыстыру 14%-ға өскені байқалды. Сонымен қатар жобалық шешімдерді оңтайландыру 1 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеуге мүмкіндік берді, ал жергілікті жолдарды диагностикамен қамту 50%-ға жетті.



«ҚазЖолҒЗИ» АҚ президенті Арман Әлібаева жол саласына цифрлық технологияларды енгізу туралы хабардар етті. Соңғы 5 жылда институт автожолдарды салу және жөндеу технологияларын жетілдіруге бағытталған 20-дан астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бүгінде елімізде бірнеше цифрлық жоба жүзеге асырылуда. Жобалау сапасын арттыру мақсатында жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасы мен нақты климаттық жағдайларға және қозғалыс қарқындылығына материалдарды дәл таңдау есебінен берік және сенімді жол төсемдерін пайдалануға бағытталған Superave технологиясы енгізілді.

Жалпы саны 2 мыңнан астам пайдаланушысы бар Jolshy жол саласы мамандарының базасы талдамалық ақпарат алуға, кадрлық өзгерістерді бақылауға және жол-құрылыс жұмыстарын орындаудың сапа-

сын қамтамасыз ету үшін мамандардың біліктілік деңгейін қадағалауға мүмкіндік береді. Қазір «ҚазЖолҒЗИ» апаттардың себептерін жүйелі бағалауға және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ЖКО талдау порталын әзірлеуде.

Премьер-Министр Олжас Бектенов еліміздегі жолдар желісін одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті. 2030 жылға дейін 4 мың шақырымға жуық автожол қайта жаңғыртылады. Биыл бірқатар негізгі жобаны аяқтау жоспарлануда, бұл ретте жобалық құжаттаманың дайындығы жоғары жаңа жобаларды: Ақтөбе — Ұлғайсын, Қарағанды — Жезқазған, Атырау — Доссор жолдары мен Сарыағаш, Петропавл, Рудный және Қызылорда қалаларын айналып өту жолдарын, сондай-ақ 2,5 мың шақырым автожолды орташа жөндеу маңызды.

БАҒДАР

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Елордада «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырды. Іс-шараға 3000-ға жуық адам қатысты.

Бүгінде мыңдаған қазақстандық жастар жұмыс іздеп жүр. Ал егер жұмысты бір күнде — елорданың дәл орталығында, еліміздің ондаған ірі жұмыс берушісінің арасынан табуға болатын болса ше? Астанада дәл осылай болды. Е. Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармония бір күнге мектеп, колледж және жоғары оқу орын түлектеріне арналған ауқымды бос жұмыс орындары жәрмеңкесі аясында студенттерді, түлектерді және жұмыс берушілерді біріктіретін ірі мансап алаңына айналды. Жастар ұлттық компаниялардан бастап, өнеркәсіптік кәсіпорындарға дейінгі 70-тен астам компанияның өкілдерімен бетпе-бет сөйлесті. Олар жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы біліп, алғашқы сұхбаттан өтті.

«АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы осындай іс-шаралар ұйымдастырудың мәні мен маңызын атап өтті. Бұл шешім қоғам игілігі

жолында адал жұмыс істеп жүрген жандарды қолдауға арналған.

«Бүгінде жұмысшы мамандықтар — тұрақтылық пен жоғары сұраныс қана емес, сонымен қатар лайықты жалақы, сый-құрмет және мансап жолында жоғарылау мүмкіндігі. Жастар экономика-ның осы секторына бет бұрып, ел ертеңі еңбекпен байланысты екенін түсіне бастады. Бұл — өте маңызды. Біздің бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріміз жастарға өмірде өз орнын, ал жұмыс берушілерге лайықты маман табуына көмектеседі. Жас азаматтар үшін тек жұмыс табу ғана емес, сонымен қатар олардың еңбегі бағаланатынын, өсу мен даму мүмкіндігі бар екенін сезіну маңызды. Сондықтан «АМАНАТ» партиясы әр түлек өмірде өз орнын тауып, мансап жолын бастай алатын бастамаларды жүзеге асыруда», — деді ол.

Астанадан бөлек, «Жастар Рухының» бастамасымен еліміздің барлық облыс орталығында осындай жәрмеңкелер өтуде. Оларға кем дегенде 50 мың қазақстандық жас азамат келеді деп

ЖӘРМЕҢКЕ — ЖАСТАР МАНСАБЫНА ЖОЛ

жоспарлануда. Бос жұмыс орындары жәрмеңкелері «бір терезе» қағидаты бойынша өтуде: жұмыс іздеп жүрген жастар компаниялардың ұсыныстарымен танысып қана қоймай, жастарға қолдау көрсетудің мемлекеттік бағдарламалары бойынша анықтама ала алады. Соның ішінде жастар практикасынан бастап, оқыту және өз ісін ашуға дейінгі қолдаулар бар.

«Мен колледжді «электро-монтер» мамандығы бойынша тәмамдап, ұзақ уақыт лайықты жұмыс іздедім. Бүгін осы жәрмеңкеде бірнеше компания өкілі-

ресімдеуге ниетті азаматтарға кеңес беріп, Астана қаласы әкімдігінің өкілдері NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша Joltar жобасын ұсынды. Ал елордадағы Еңбек ұтқырлығы орталығының қызметкерлері түлектерге арналған «Алғашқы жұмыс орны» және «Жастар практикасы» жобалары туралы хабардар етті. Сонымен қатар жәрмеңкеге келген азаматтарға еліміздің өзге өңірлеріне көшіп бару мүмкіндігі туралы мәлімет ұсынылды.

«Ертіс өңірі — өнеркәсіп аймағы. Бізде бос жұмыс орын-

ған қоса, экономикалық ұтқырлық сертификаты беріледі. Яғни, тұрғын үй сатып алу кезінде мемлекет баспана құнының 50%-ын жабады», — деді Павлодар облысындағы Еңбек ұтқырлығы орталығы директорының орынбасары Қазбек Жомартов.

Сондай-ақ жәрмеңкеде «Таза Қазақстан» арнайы орны жұмыс істеді. Онда қайта өңдеу мақсатында пластик жиналып, жасыл технологиялар туралы мәлімет берілді. Мұндай орын — ел ертеңіне деген қамқорлық тек жастарды жұмыспен қамту ғана емес, сонымен қатар экологиялық мәдениетті қалыптастыру екенін көрсетті.

«АМАНАТ» партиясы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Жастарға жұмыс» жобасы өз тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, кейінгі екі жылда 150 мыңға жуық жас азамат қамтылған 1,5 мыңнан астам іс-шара өткізілді. 200-ге жуық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды, оған 5,2 мыңнан астам ұйым қатысты, 55 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды. Шалғайдағы елді мекендерді қамту мақсатында «Жастар Рухының» мобильді топтары 150-ден астам ауылға барып, 55 мың адамға әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша кеңес берді.

Осылайша, «АМАНАТ» партиясының бастамасы Мемлекет басшысы өз сайлауалды бағдарламасында алға қойған стратегиялық мақсатты жүзеге асырудың бір бөлігіне айналуға: 2029 жылға қарай кемінде 2,3 млн жас азаматты жұмыспен қамту.



мен сөйлесіп, сұхбатқа шақыру алдым. Бұл еңбек етуге ынталандырады. Себебі нақты мүмкіндіктерді көріп отырмын. Жұмыс беруші сізді таңдамайды, керісінше сіз бос жұмыс орындарының арасынан өзіңізге қолайлысын таңдайсыз», — деді жәрмеңкеге қатысқан Айдар Кенжебаев.

Сондай-ақ жәрмеңке аясында Отбасы банк өкілдері ипотека

дары өте көп. Жуырда Астана қаласы да халық арасында «онтүстіктен солтүстікке» деп аталатын ерікті түрде қоныс аудару бағдарламасына шығу өңірі ретінде енді. Осы бағдарлама шеңберінде міндетті түрде мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған. Мәселен, көшуге арналған субсидия. Көшіп барған отбасының әр мүшесіне жыл бойы тұрғын үй жалдау өтемақысы төленеді. Бұ-

ПОЛИГОННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Никита Шаталов Абай қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылыс жұмысы барысымен танысты. Бүгінде полигон құрылысының 90 пайызы аяқталған, биыл қыркүйек айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында салынып жатқан жаңа нысан Қарағанды облысындағы экология мәселесін шешуге бағытталған.

Абай қаласындағы полигон әкімшілік ғимараты, медициналық пункт және қызметкерлерге қажет барлық инфрақұрылымы бар толыққанды кешен ретінде салынып жатыр. Мұнда қуаттылығы жылына 15 мың тонна болатын қалдықтарды

сұрыптау желісі жұмыс істейді. Пластикті қайта өңдеуге арналған пресс-станоктар мен жабдықтар қарастырылуда. Шикізатты уақытша сақтауға арналған алаңдар мен қалдықтарды көмуге негізделген траншеялар бар, сондай-ақ нөмір бекіту



жүйесі бар электронды автомобиль таразылары орнатылған.

Нысанды қалдықтарды жинау, сұрыптау және қайта өңдеу жұмысымен айналысатын арнайы кәсіпорын пайдаланады. Абай ауданында жаңа жұмыс орындары ашылады. Тұрғындардың экологиялық қауіпсіздігіне кепілдік беріліп, қоршаған

ортаның жай-күйіне заманауи бақылау жасалады.

Никита Шаталовтың айтуынша, полигон құрылысы — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру және заманауи өңдеу технологияларын енгізу бойынша берген

тапсырмаларын жүзеге асырудың жарқын дәлелі.

— Қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған заманауи полигон салу экологиялық жағдайды едәуір жақсартуға, озық өңдеу технологияларын енгізуге және қосымша жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл — өңірді дамыту және тұрғындардың тұрмысын жақсарту ісіне қосылған үлкен үлес. Осындай жобалар біз үшін аса маңызды. Бұл — сайлаушыларға берген уәдеміз орындалып жатқанының нақты көрінісі, — деді депутат.

Бұдан басқа, «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Қарағандыда қатты тұрмыстық қалдықтарды энергетикалық көдеге жарататын зауыт құрылысы көзделген. Ал облыс аумағында 2027 жылға дейін сұрыптау желісі бар тағы 6 қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу жоспарланып отыр.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҮЗІЛМЕСІН ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮМІТІ...



Елдар КАБА (коллаж)

Үлескерлер проблемасы бес жылдай бұрын түпкілікті шешілуге тиіс еді. Осы мақсатта бюджеттен жүздеген миллиард қаражат бөлінді, қажетті тетіктер түзілді. Алайда Үкімет бұл міндеттің үдесінен шыға алмады. Керісінше, салада ахуал ушықты. Тіпті, тұрғын үй кешені салынып, ондағы баспана иелеріне құжат беру басталғанда, бір пәтердің бірнеше қожайынға сатылғаны анықталады. Талдау көрсеткендей, бірнеше өңірде үлескерлік құрылыстағы көлеңкелі схемалар үлесі 100%-ға жеткен. Үкімет амалсыз, үлестік құрылыс саласында жаңа реформа бастады.

**Елдос
СЕНБАЙ**

ӨРЛЕГЕН САЛАҒА ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Баспана бағасының әрі қарай шарықтағанына, жылжымайтын мүлік нарығында жасалған мәмілелер санының азаюына қарамастан, құрылыс қарқыны артып барады. Мұны Ұлттық статистика бюросының жаңа деректері растады. Оның мәліметі бойынша 2025 жылғы қаңтар-шілдеде орындалған құрылыс жұмысының көлемі бірден 18,5%-ға өсіп, ел тарихында бұрын-соңды болмаған 4 триллион 73,6 млрд теңге межесіне жетті.

Саладағы көрсеткіштерді ұлғайтқан драйверлер қатарына имараттар (сооружения, өсімі 27,5%) мен тұрғын ғимараттар (15,6%) құрылысының жұмыстары және жөндеу жұмыстары кіріп, көш бастады. Ал 2025 жылғы 7 айда орындалған құрылыс жұмысы мен қызметінің түрлері жөнінен ең көп үлесті тұрғын емес ғимараттар (жалпы көлемдегі еншісі 21,9%), автомобиль, теміржолдар мен метро (23,9%) және тұрғын үйлердің (13,4%) құрылысы иеленді.

Республиканың 18 өңірінде құрылыстың көрігі қызды. Соның ішінде ауыз толтырып айтарлықтай өсу Қостанай (40,4%), Қызылорда (37%), Түркістан (34,6%), Солтүстік Қазақстан (34,2%), Батыс Қазақстан (33,4%), Ақмола (32,7%), Маңғыстау (28,1%), Алматы (26%), Ақтөбе (25,6%) Жетісу (23,9%), Қарағанды облыстарында (21,8%) және Алматы (35,6%), Астана (33,9%) мен Шымкентте (18,8%) байқалады.

— Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2024 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда биылғы осы кезеңде 5,2% көбейді. Сөйтіп, 9 миллион 380,7 мың шаршы метрді құрады. Мұндағы 5 млн 995,5 мың шаршы метр — көпқабатты үйлер, тағы 3 млн 285 мың шаршы метрі — жеке үйлер. Тұрғын үйлердің едәуір бөлігін — 8 млн 748,2 мың шаршы метрін немесе 93,3%-ын

жекеменшік құрылыс компаниялары тұрғызса, 3 млн 404,7 мың шаршы метр баспананы халықтың өзі салып алды, — деп хабарлады статистика мамандары.

Бұл деректер Қазақстанда үлескерлік мәселесінің өзекті бола түсетінін меңзейді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильяновтың айтуынша, Қазақстанның 11 өңірінде үлестік құрылыстың 51 объектісі және оларда 4 мың 700 үлескер бар. 1 мың 200 үлескер өз үйіне қол жеткізе алмай, зар илеп жүр. Бірақ бұл тіркелгені ғана. Бұл кесепатқа тосқауыл қою, саладағы алаяқтықты тыю үшін міндетті түрде жауапкершілікті күшейткен жөн.

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАНАШЫЛДЫҚТАРЫ

Осы орайда VIII шақырылымдағы ел Парламенті биылғы үшінші сессиясын аяқтар тұста, «Кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заңын қабылдаған-тын. Бұл заң 2025 жылғы 30 маусымда ресми жарияланды. Алайда ондағы жаңа реформа талаптарына нарық пен кәсіпкерлік дайындалып үлгеруі, жауапты мемлекеттік органдар қажетті нормативтік-құқықтық актілерді қабылдап болуы үшін 60 күндік өтпелі кезең берілді. Сәйкесінше, бұл жаңа заң тек келесі аптада, 2025 жылғы 29 тамызда қолданысқа енгізіледі.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің түсіндіруінше, жаңа заң шеңберінде келесі жаңашылдықтар көзделген: біріншіден, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысудың тартымдылығын арттыру, нарықта жаңа ойыншылардың пайда болуын ынталандыру үшін құрылыс компанияларына қойылатын талаптарды төмендетті және шарттарды жақсартты. Екіншіден, үлестік заңнаманы айналып өту арқылы үлескер ақ-

шасын тартуға мүмкіндік беретін алдын ала келісім, брондау келісімі, цессия келісімі, инвестициялық келісім сияқты «жалған» шарттар жасасуға тыйым салынып, мемлекеттік реттеу күшейтіледі.

Үшіншіден, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу заңнамасы тек көппәтерлі тұрғын үйлерді ғана емес, коттедждер қалашығы сияқты жеке үйлер кешендерінің құрылысын да қамтиды. Төртіншіден, үлескерлердің ақшасын тарту мақсатында құрылысы жүріп жатқан нысанды әкімшілік рұқсаты немесе бірінғай оператордың кепілдігі болмаған жағдайда жарнамалауға тыйым салынды.

Бесіншіден, халық тек тексерілген тұрғын үй кешендеріндегі пәтерге ғана ипотека ала алады: қандай да бір объектіге қатысты құрылыс компаниясының барлық рұқсат қағазы болмаса, банкке ондағы баспанаға тұрғын үй заемен беруге тыйым салынады. Үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны және жарнаманы таратқаны үшін әкімшілік айыппұл 2 мың АЕК-ке (шамамен 7,9 млн теңгеге) дейін ұлғайтылды.

— Аталған нормалар үлескерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрғын үй нарығын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл үшін үлестік құрылыс процестерінің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді, құрылыс нарығының барлық қатысушысын теңестіреді, мемлекет тарапынан бақылауды күшейтеді. Бұл халықтың сенімін арттыратын және құрылыс саласындағы инвестициялық ахуалды жақсартатын үлестік құрылыс жүйесін қалыптастыруға маңызды қадам! — деген сенімде Құрылыс министрлігі.

ПРОБЛЕМАНЫ БІЛҮДЕН ШЕШУ МАҢЫЗДЫ

Қалай болғанда, мемлекет үлестік құрылыстан бас тартпайды және азаматтардың оған үлескерлік қатысуына тыйым салмайды. «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаев тәуелсіздік жылдарын-

да құрылыс ел экономикасы өсімінің басты драйверіне айналғанын атап өтті. Құрылыс халықты баспанамен қамтуда, жұмыс орындарын ашуда, іргелес, жапсарлар салаларды дамытуда, елде іскерлік ортаны қалыптастыруда, бизнес белсенділікті арттыруда зор рөл атқарып келеді.

— Бұл ретте тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу тетігі айрықша маңызға ие. Ол мыңдаған қазақстандықтың баспанаға мұқтаждығын өтеуге мүмкіндік беріп, тиімділігін дәлелдеді. Алайда құрылыс салушылардың жосықсыз істерін және саланы реттеудің жеткіліксіздігін ескере отырып, депутаттар салалық заңнамалық базаны жетілдіруге бағытталған жаңа заңды қабылдады. Оның негізгі мақсаты: әкімшілік рәсімдерді жеңілдетіп, ортанқол компаниялардың нарыққа кіруіне кедергілерді азайту, үлескерді қорғауды күшейту және қаржыны заңсыз тартудың алдын алу, үлестік қатысуды мемлекеттік реттеудің ашық, тиімді жүйесін құру, — деді депутат.

Заң бойынша инжинирингтік компаниялар ай сайын үлестік тұрғын үй құрылысының барысына мониторинг жүргізу нәтижелері туралы әкімдікке есеп ұсынуға міндеттелді. Соның нәтижесінде жергілікті билік үлестік құрылыстың бүкіл көлеміне қатысты жедел есепті алып отырады. Бірақ сонда әшкереленген, туындаған проблеманы қаншалықты тез шешу — әрбір әкімнің біліктілігіне байланысты болады.

— Заң аясында компаниялар үш бағытта бақыланады. Яғни, банктерге барлық құжатын ұсыну арқылы рұқсат, кепілдік алады және «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» АҚ-ы мен жергілікті атқарушы билікке есеп беруге міндеттеледі. Мысалы, Астанада үлестік 20 тұрғын үй салынып жатса, соның қаржылық жағдайында ғана емес, жобалық-сметалық құжаттамасында ауытқулар болса, оның бәрі тез көрініп қалады. 200 пәтерлік тұрғын үйдің 100 пәтері сатылса, бірақ құрылыс тоқыраса немесе әлдебір қабатына келгенде тоқтап қалса, оны «Қазреестр» арқылы әкім-

діктегілер көріп-біліп отырады және дер кезінде шара қолдана алады, — деді С.Мұсабаев.

Саладағы жаңа реформаның жетістікке жетері немесе жарға жығылары бұл заңның жаңашылдықтарының қаншалықты тиімді іске асырылатынына тікелей байланысты. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Мұқаш Ескендіров бір жайтты атап өтті: жаңа заңмен банктердің өзара келісімде көрсетілген сомандар құрылыс салушыға аударатын алдын ала төлемінің — «аванстық төлемнің» мөлшері бұрынғы 25%-дан енді 50%-ға дейін күрт артырылды. Бұрынғы төменгі норма тұрғын үй бой көтермей жатып, құрылыс компаниясы басшыларының мол қаржымен шетелге қашып кетуінің алдын алу үшін жасалған-тын.

— Үлестік тұрғын үй құрылысының толық тұрғызылмаған проблемалы объектілерінің көп болуы бұл бағытта абайлап қадам жасау, әрбір қимылды салмақтау керектігін көрсетеді. Мердігерлерге берілетін аванстық төлемдердің көлемін күрт арттыратын жаңашылдық ертең құрылысы аяқталмай, орта жолда тасталған нысандардың көбеюіне соқтырмай ма? — деп аландайды депутат.

Ө вице-министрі Қуандық Қажкеновтің түсіндіруінше, аванстық төлемді 25-тен 50 пайызға дейін екі есеге күрт өсіру қазіргі күрделі жағдайда мердігерлік ұйымдарды қаражатпен қамту үшін қажет болып тұр.

— Осы арқылы компаниялардың айналымдық қаржысы артады, олар тұрғын үйді салуды жалғастыру үшін қажетті құрылыс материалдары мен жабдықтарды, жұмыстар мен қызметтерді дер кезінде және керекті көлемде сатып ала алады. Демек, осы арқылы біз құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу процесінің үздіксіздігін, объектінің уақытылы іске қосылуын және үлескерлердің өз пәтерінің кілтіне қол жеткізуін қамтамасыз етеміз, — деді Қуандық Қажкенов.


Ұлттық банк төрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов құрылыс салушының қолында банктің «сөзсіз және қайтарылмайтын кепілдігі» болса ғана 50 пайыздық аванстық төлем ақшасын алуға рұқсат етілетінін нықтады: «Банктер мұндай кепілдікті әр компанияға нарықтық шарттармен ұсынады. Бәрі мердігер мен банктің арасындағы уағдаластыққа тәуелді болады», — деді Баймағамбетов.

Әйткенмен, Мәжіліс депутаты Айтуар Қошмамбетов мұнда бір «гәп» барын жасырмайды. Банк пен құрылыс салушы уағдаласып, соңғысына 50% көлемінде мол қаржы аударылса, ізінше ниеті қарау басшы ол ақшаны өз шотына тоғытып, шетелге тайып тұрса, компанияның дүние-мүлкі банктің иелігіне көшеді.

«Ал мердігердің міндеттемелерін кім мойнына алады? Тұрғын үй кешені салынбаған күйде қалады ғой! Банктің оған басы ауырмайды. Біз үшін ең бастысы — үлескердің мүдделері мен құқықтарын қорғау болуы керек», — дейді депутат. Жаңа реформа қоғам көңіліндегі күдікті қалыңдата ма, әлде сөйлетме, саладағы проблемаларды шеше ме, әлде жанасын үстемелей ме, оны уақыт пен тәжірибе көрсетеді.

ӨЗЕКТІ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Осыдан жарты жыл бұрын әйгілі музыкалық топ Coldplay-дің кешін асыға күткен Ақниет Оңтүстік Кореяға сапарын жоспарлаған еді. Ел аралап әрі сүйікті тобының концертін көзбен көру үшін туристік компаниядан тур сатып алады. Бірақ сапар уақыты жақындаған сәтте компания уәдесін орындамай, тұтынушыны тақырға отырғызған. Осыдан кейін Ақниет сотқа жүгінуге мәжбүр болады. Алайда арадан жарты жыл өтсе де, кейіпкеріміз әлі күнге дейін толық қаражатын қайтара алмай келеді.

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Кейінгі кездері елімізде осыған ұқсас жағдайға тап болғандардың қатары көбейіп барады. Арзан турдың азабын тартып, қалтасынан қағылған азаматтар жалған туристік компаниялардың интернет кеңістікте емін-еркін сайран құрып жүргеніне ашынады. Өкінішке қарай, дәл қазір олардың мұндай іс-әрекетіне «әй дейтін әже, қой дейтін кожа» болмай тұрған сынайлы.

Қазір Қазақстанда жыл басынан бері туризм саласында қанша алаяқтық оқиғасы тіркелгені жөнінде нақты ақпарат жоқ. Бірақ құқық қорғау органдарына шағымын жеткізіп, әлеуметтік желіде жазба қалдырған халық санының көптігіне қарап, көрсеткіштің кемімей тұрғанын аңғару қиын емес. Жоғарыда біз баяндаған Ақниеттің басынан өткерген оқиғасы да осыған дәлел. Кейіпкеріміз бізге төлем процесі, туроператордың сенім ұялататындай қандай тәсілдерді қолданғаны туралы баяндап берді.

— Осы уақытқа дейін Coldplay тобының Абу-Дабиде өтетін концертіне билет таба алмағандықтан, енді Оңтүстік Кореядағы кешін өткізіп алғым келмеді. Сонымен әлеуметтік желіні ақтарып отырып Оңтүстік Кореяға тур ұйымдастыратын компанияның жарнамасына көзім түсті. Турды таргет арқылы таптым. Қазір көбі шетелге авторлық тур ұйымдастырып жатады. Бірақ оған аса сене қоймағандықтан, туристік компаниялар арқылы барғанды жөн көрдім. Мен бұл компания жарнамалаған турға не үшін сендім? Себебі олар осыған дейін Coldplay тобының Абу-Дабиде өткен концертіне тур жасаған. Мен турды олардың (туристік компанияның — ред) қолында концертке алдын ала сатып алынған билет бар болғаны үшін алдым. Себебі Кореядағы концертке билет табу қиын еді. Оның үстіне, концертті өзім жалғыз емес, турмен бірге тамашалаймын деген үміт болды, — деді ол.

Ақниет жарнаманы көрген соң туристік компания өкілдеріне WhatsApp желісі арқылы байланысқа шыққан. Олар турды сатып алар алдында тұтынушыдан 50% алдын ала төлем талап еткен. Егер Оңтүстік Кореяға кіруге арналған электронды рұқсат қағазы К-ЕТА шықпай қалған жағдайда, ақшаның 5 пайызын әкімшілік алымға төлейтінін, ал қалған қаражат толық қайтарылатынын айтып уәде берген. Тағы бір маңызды тұсы, жарнамада тұтынушыға виза рәсімдеуге көмектесетіні және оның құны тур ақысының ішіне кіретіні анық көрсетілген. Бірақ кейіпкеріміз К-ЕТА мен визаға құжат тапсырған уақытта компания өкілдерінен екіұшты жауап алып, сонында тағы да өз қалтасынан ақша

АРЗАН ТУРДЫҢ АЗАБЫ

шығаруға мәжбүр болған. Турасын айтқанда, жарнамадағы жазба жылтыр уәде болып шыққан. Тур сатып алар алдында екі тарап арасында келісімшарт болуға тиіс. Бірақ Ақниетке жіберілген келісімшартта Қазақстаннан ұшып шығу уақыты ретінде мүлдем басқа күн көрсетілген. Осыны айтып шағымданған тұтынушыға компания «қайта өзгертеміз» деп жауап қатқан да, ұшты-күйлі жоғалып кеткен.

— Маған виза беруден бас тарту туралы ақпарат келді. Туристік компания өкілдеріне жағдайды айтып, ақшаны қайтаруды талап еттім. Бірақ олар визаға екінші рет тапсырып көруімді сұрады. Сонында олар байланысты үзе бастады. Мен бірден зангердің көмегіне жүгіндім. Телефонда сақталған барлық скриншоттарды жібердім. Тіпті, менің қолымда ешқандай келісімшарт болмады. Туристік компанияға сотқа дейінгі талабымызды жібергенімізбен, олардан жауап келген жоқ. Жакында ғана сәуірден бері жалғасқан сот аяқталды. Міне, жарты жыл күттім. Туристік компания қаражаттың жартысын ғана жіберді. Ең ашы-натын тұсы, олар өз іс-әрекеті үшін кешірім де сұраған жоқ. Ең болмағанда жағдайды түсіндіріп, балама шешім де ұсына алмады, — деді Ақниет.

ЖАЛҒАН ТУРФИРМАНЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Қазір әлеуметтік желіде арзан тур ұсынып, халықты алдап жүрген жалған компаниялардың көбеюіне не себеп? Олардың заңды туроператордан басты айырмашылығы неде? Арзан турлардың артында кейде ұйымдасқан қылмыстық топ тұруы мүмкін деген пікір бар. Бұл қаншалықты рас? Біз осы мәселелер турасында туризм сарапшыларының пікірін тындап көрдік. Туризм маманы, инфлюенсер Жансая Менилбаева алаяқтардың айналасын оңай іске асыруына қаржылық сауаттың төмендігі, жарнаманың бақылаусыз қалуы және азаматтардың тек бағаға қарап шешім қабылдауы әсер ететінін айтады.

— Кейінгі жылдары нарықта көлеңкелі қызмет көрсетушілердің



саны күрт артты. Мәселен, 5 жыл бұрын Шарын шатқалына барған туристер саны қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда аз болатын. Қазір қайда барсаңыз да, туристердің қарасы қалың, ал олардың көп бөлігін заңсыз жұмыс істейтін турфирмалар тасымалдап жүр. Пандемиядан кейін халықтың саяхатқа деген қызығушылығы артты. Әрине, барлық адам қолжетімді бағаны іздейді. Осыны пайдаланған алаяқтар әлеуметтік желіде «ерекше жеңілдікпен тур» ұсынып, адамдарды

негізгі белгілерді тізіп өтті. Олар өте төмен баға, ресми құжаттың болмауы, төлемді жеке шотқа сұрау, сондай-ақ офис пен лицензияның жоқтығы. Егер сіз таңдаған турда аталған белгілердің бірі бар болған жағдайда, бірден бас тартқан абзал.

— Олар ең алдымен «арзанға» жүгіреді сүйенеді. Мысалы, басқа компаниялардан екі есе төмен бағада «бәрі қосылған» тур ұсынады. Толық алдын ала төлем сұрайды, келісімшарт жасамайды, ал жасаса жалған құжатпен шектеледі. Әдетте, кеңселері болмайды, тек әлеуметтік желі арқылы байланыс орнатады. Ал заңды туроператордың лицензиясы, кеңсесі, ресми сайты мен жұмыс телефондары болады. Клиентпен міндетті түрде келісімшарт жасасады және туристік сақтандыруды ұсынады, — деді Жансая Ғаниқызы.

ЖАРНАМАНЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРЕМІЗ?

Әлеуметтік желідегі жарнаманың шынайылығын бірнеше жолмен анықтауға болады. Сарапшы бұл тұста турдың рас-өтірігін 100 пайыз анықтау мүмкін емес екенін айтады. Дегенмен ең алдымен компанияның ресми мәртебесін тексеріп, кеңсесінің бар-жоғын анықтау, оқырмандар жазған пікірлерге мән беру, төлем жасау тәртібі мен жарнамалау стиліне

кіндік болса, компанияның кеңсесіне барып көру маңызды. Шынайы туроператорлар жасырынбайды, нақты мекенжайы мен байланыс нөмірі бар. Бұрынғы туристердің пікірлерін оқыған дұрыс. Бірақ жалған пікірлердің көптігін ескеру керек. Сол себепті бір дереккөзге ғана сенбей, бірнеше тәуелсіз платформадан тексерген жөн. Ең негізгі ереже — төлемді тек компанияның ресми есепшотына аудару. Егер ақша жеке адамның картасына түсіп жатса, ол компанияның заңды түрде тіркелмегенін көрсетеді. Сондай-ақ «тек бүгін», «арзан баға», «соңғы орын» сияқты асықтыратын жарнамалар — көбіне алаяқтардың әдісі. Бұл тұтынушыны ойланбастан шешім қабылдауға итермелейді, — деді сарапшы.

Кей жағдайда арзан турлардың артында ұйымдасқан қылмыстық топ жасырынуы мүмкін. Бұл пікірді туризм мамандары да жоққа шығармайды.

— Иә, бұл пікірдің жаны бар. Құқық қорғау органдарының дерегінше, 2024 жылы Қазақстанда 17 мыңнан астам интернет-алақтық фактісі тіркелген. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 13%-ға көп. Келтірілген жалпы шығын 20 млрд теңгеден асып отыр. Өкінішке қарай, осы статистиканың ішінде туризм саласына қатысты мәселелер де бар. Бұл жай алаяқтық емес, ол қаржылық қылмыс, — деді Ж.Ғаниқызы.

ЕУРОПАДА «ҚОРҒАНЫС КОРЫ» ҚҰРЫЛҒАН

Әлемдік тәжірибеге назар салып қарасак, Еуропада туристерді қорғау үшін арнайы «қорғаныс қоры» құрылып, агенттік банкротқа ұшыраған жағдайда да тұтынушыға ақшаны қайтарып беру мүмкіндігі қарастырылған. Мысалы, Данияда пандемия уақытында туристік агенттіктерге қолдау көрсету мақсатында Travel Guarantee Fund жүйесі енгізілген. Осының арқасында туристік агенттік қарызға батса да, туристерге ақшаны қайтару немесе өтемақы беру қамтамасыз етілген. Одан өзге Францияда туристік агенттік банкрот болған жағдайда арнайы қорғау жүгінуге мүмкіндігі бар. Мәселен, FTI France банкрот болған кезде, APST туристерге қайтарым жасау немесе балама қызмет ұсыну тегіні іске қосқан. Ал Қазақстанда туристің ақшасы қайтарылмай қалған жағдайда тұтынушы құқығы қалай қорғалады?

— Егер туроператор ресми лицензиясы бар заңды компания болса, турист Тұтынушылар құқығын қорғау комитетіне немесе сотқа шағым түсіре алады. Қазақстанда туроператорлардың жауапкершілік қоры бар, сондықтан белгілі бір жағдайда туристің шығыны өтеледі. Алайда егер турист жалған компанияға алданып қалса, өкінішке қарай ақшаны қайтару өте қиын. Мұндай жағдайда тек полицияға арыз беріп, қылмыстық іс қозғауды талап етуге болады, — дейді Ж.Менилбаева.

Жалған турдың салдары — жеке адамның қаржылық шығыны ғана емес, бүтін бір қоғамның сеніміне әсер етуші фактор. Бақылаусыз қалған әрбір арзан жарнама — жаңа құрбандықтың алғышарты деп қарауымыз тиіс.

Барлық адам қолжетімді бағаны іздейді. Осыны пайдаланған алаяқтар әлеуметтік желіде «ерекше жеңілдікпен тур» ұсынып, адамдарды алдап жүр.

алдап жүр. Жауапкершілік тек мемлекетке немесе тек тұтынушыға жүктелмейді. Мемлекет лицензиялау мен бақылауды күшейтуі керек, ал әр азамат компанияның сенімділігін тексеріп, өзін қорғауды үйренуге тиіс, — деді маман.

Сарапшы турфирманың алаяқтар екенін айғақтайтын

назар аудару қауіптің алдын алуға көмектеседі.

— Egov порталы немесе Туризм индустриясы комитетінің сайтынан компанияның лицензиясы бар-жоғын көруге болады. Бұл — ең сенімді әдіс, өйткені заңды оператор міндетті түрде мемлекеттік тізілімде тіркеледі. Егер мүм-

МӘСЕЛЕ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қызылорданың сол жағалауынан сап түзеген түрлі құрылыс нысандарының көркіне көз тояды. Соның ішінде аталмыш аумақта сәт сайын көптеген тұрғын үй салынып, жаңа қалаға көшіп келушілер қарасы да жыл санап артып келеді. Дейтұрғанмен, жаңа ықшамауданда тұрып жатқан халықтың талап-тілегі бір түйеге жүк боларлық. Әсіресе, сапасыз салынған тұрғын үйлерге қатысты түйткілдер, жарықтандыру мен аяқ суға қатысты мәселелер толастар емес.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Көп жылдан бергі басты арманы орындалып, жаңа үйге қоныстанғандардың бірі — Фараби Елжас. Бұған дейін апатты үйдің азабын көрген ол бізге хабарласып, тұрғын үй аумағының қазіргі күйі сын көтермейтін халде тұрғанын жеткізді.

Айтуынша, оның жайлы баспанаға қол жеткіздім деген қуанышы көпке созылмапты. Жаңа пәтеріндегі ішкі әрлеу, сырлау жұмыстарының өте сапасыз жүргізілгені көп уақыт өтпей байқала бастапты. Ал тұрғын үйдің айналасындағы көрініс тіпті сорақы күйде болғанын айтады.

Жалпы, сол жағалау халқының тұрғын үйге қатысты айтар назы шаш-етектен. Оның ішінде, пәтерлеріндегі есік-терезелерінің сапасы өте төмен. Электр қуатын өшіріп, қосатын құрылғылары да істен шығып, көп ұзамай жарамсыз күйге түсіп жатқанын жеткізіп отыр. Ал ауланың ахуалы тіпті алаңдатарлық күйде тұрғанын алға тартады.

ЖАРЫҚШАМ БАР, ЖАРЫҚ ЖОҚ



«Апатты үйден жаңа баспанаға қол жеткізгенімізде қуанышымызда шек болмады. Бірақ су жаңа пәтеріміздің сырты бүтін болғанымен іші түтін күйде болып шықты. Бұл бірінші кезекте, тиісті жұмыстарды жүрдім-бардым істеген мердігерлердің қателігінен деп білеміз. Жаңа деген аты болмаса, күнге әр жерінен ақау шығып, қайта жөндеу жүргізуге мәжбүр болып отырмыз. Біресе есігі, біресе терезесінің сапасы сыр береді. Қабырғалары мен едендеріне төселген төсеніштерінің күйін айтпай-ақ қояйын. Өз үйіміз болғасын, ешкімге алақан жаймай шама-шарқымыз жеткенде қалпына келтіріп қоямыз. Дегенмен тұрғын үйді қабылдаған уақытта мердігерлердің салғырттығы неге қатаң тексеріл-

мейтінін түсінбейміз», — дейді ол.

Аталмыш ықшамауданда үш жылдан астам уақыт тұрып жатқан Ұлмекен Жарымбетова есімді тұрғынның да айтар уәжі аз емес. Әсіресе, тұрғын үйдің айналасындағы ахуалға алаңдайды. Яғни, жаңа үйлердің сыртқы жағдайы сұрықсыз күйде тұрғанын жеткізді.

«Үйіміздің айналасының ойшұңқыры көп. Яғни, құрылыс жұмыстарынан кейін тегістелмеген. Құм төселмеген. Жел тұрса, шанды топырақ қарша борайды. Сонымен қатар осыдан үш жылдан астам уақыт бұрын үйіміздің ауласына ойын алаңын салу мақсатында жасанды төсеніш (газон) төселген болатын. Бірақ оның сырты әлі күнге дейін қоршаусыз тұр. Бір сөзбен айтқанда, үш жыл

бұрын басталған балалар ойын алаңының құрылысы аяқсыз қалып қойды. Соның салдарынан кешкілік уақытта балаларымыз қайда ойнарын білмей сенделіп жүреді. Ал сырты қоршалмай, шала-шарпы салынған ойын алаңының қауіпсіздігіне ешкім кепіл бола алмайды», — деп ашынады Ұлмекен Жарымбетова.

Халықтың тағы бір талабы жол мен жарыққа қатысты өрбіді. Аталмыш аумақтың дарияға жақын орналасқан тұсында тұрып жатқан тұрғындары қараңғылық құшағында қалып отырғанын айтып, мұнын шақты. Аяқсуға қатысты мәселе де аяқтан шалып тұр. Бұл жайында жергілікті әкімдікке сан мәрте айтылғанымен еш нәтиже болмай тұрғанын алға тартады.

«Сол жағалаудағы көпірдің тұсынан басталатын Ғафур Мұхамеджанов көшесінен бастап, бір шеті дарияға, екінші шеті стадионға тірелетін аты жоқ шағын көше түнгі мезгілде қараңғылық құшағында қалады. Аталмыш көшелерге жарықшам бағаналары орнатылған. Бірақ бізге белгісіз себептермен үш жылдан астам уақыттан бері жанбайды. Бұл әсіресе, сабағынан кеш шыққан балаларға қиындық туғызып келеді. Тас қараңғы көшеде үйлеріне қорқып әзер жетеді. Ата-аналар да балаларының қауіпсіздігіне алаңдап, әр күндерін қорқынышпен өткізуге мәжбүр. Бұл жайында құзырлы орындарға сан мәрте құлағдар еттік. Бірақ әлі күнге дейін жарықшамдарды іске қосуға асығар емес. Сабақ уақыты жақындаған сайын балаларымыздың қауіпсіздігі ойлантады. Сонымен қатар жаңа ықшамауданда аяқсу мәселесі өзектілігін жоймай тұр. Тұрғын үйлердің маңына аяқсу науалары (лоток) салынғанымен, оған осы уақытқа дейін бір тамшы су тамған емес. Бұл үйіміздің айналасына тал егіп, көркейту-

көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге кері әсерін тигізіп тұр. Дария іргеден өтіп жатыр, бірақ біз неше жылдан бері аяқсуызыз отырмыз», — деп мұнын шақты Гүлсара Ешмағанбетқызы.

Сонымен қатар тұрғындар әудем жерден өтіп жатқан дария маңында кешкілік мезгілде демалуға ешқандай мүмкіндік қарастырылмағанын да айтып қалды. Соған орай дария жағасы жарықтандырылып, арнайы орындықтар орнатылса деген талап-тілектерін де ортаға салды.

Жалпы, сала мамандары соңғы жылдары Сырдың бас шаһарында тұрғын үймен қамту бойынша ауқымды жұмыстары атқарылып жатқанын алға тартады. Бұл тұрғыда облыста соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліпті. Осы орайда Қызылорда қаласының өзінде соңғы үш жылда тұрғын үй құрылысы мен пәтер сатып алуға 64 млрд 97 млн теңге қаралып, 5 600 пәтер жерлестерімізге табысталғаны мәлім болды.

Бұл тұрғыда Қызылорда қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің ұсынған мәліметіне сәйкес, сол жағалау ықшамауданынан кезен-кезеңімен жаңа үйлер салынып, кезекте тұрған 255 отбасы баспаналы болған. Соның ішінде биылдың өзіне 1 240 пәтер халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тобына және 135 пәтер авариялық кезекте тұрған отбасыларға берілу жоспарланған.

Өз кезегінде Қызылорда қаласы әкімдігі тарапынан халықтың талап-тілегінен туындаған жарықтандыру және аяқсу мәселесіне орай келеңсіздіктердің орын алу себебі мен қалпына келтіру мерзімі нақты айтылмады.

Ал тұрғылықты халық санға емес, сапаға сай жұмыс жүргізілсе деген пікірін білдірді. Соған орай елдің тілегі ескерусіз қалмай, жоғарыда аталған мәселелер жедел шешілсе деген талабын жеткізіп отыр.

БӘРЕКЕЛДІ!

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНЕ ҚОЛДАУ ЗОР

Шымкент қаласында ауыл шаруашылығы саласындағы нақты деректерді анықтау мақсатында өтіп жатқан Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына орай «Болашағы зор» шаруа қожалығында арнайы іс-шара ұйымдастырылды. Бұл тісірілім жұмыстары қожалықтың қазіргі жағдайымен танысуға, оның даму бағытын бағамдауға және агросаланы қолдау шараларын ақпараттандыруға бағытталды. Шараға Шымкент қаласы бойынша Статистика департаментінің өкілдері қатысып, шаруашылықтың жұмысымен жақыннан танысты.

А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Шымкент қаласы

«Болашағы зор» шаруа қожалығының иесі Максат Лесбекұлының айтуынша, негізгі бағыт — мал бордақылау. Қазір қожалықта 800-ге жуық ірі қара, 1000-ға тарта қой және 200-ден астам жылқы өсірілуде. Кәсіпкердің айтуынша, алдағы қыркүйек айынан бастап бордақыға қойылатын малдың санын арттыру жоспарланып отыр.

Бұл шаруашылықтың тарихы да қызықты. Максат Лесбекұлы кәсібін әу баста тек хобби ретінде жиырма шақты қозы өсіруден бастаған. Уақыт өте келе еңбектің нәтижесінде шағын шаруашылық кеңейіп, бүгінде өңірге белгілі ірі қожалықтардың біріне айналып отыр.

— «Біз қазір қисар қойын өсірумен қатар жылқы мен ірі қара бордақылаумен айналысамыз. Негізгі, өнімімізді ішкі нарыққа ғана емес, көрші Өзбекстанға да

экспорттап жатырмыз. Мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешеніне үлкен қолдау бар: жеңілдетілген несие, ауыл шаруашылығы техникасына лизинг және субсидиялар қарастырылған. Бізде осы мүмкіндіктерді пайдалануға дайындалып, тиісті құжаттарымызды рәсімдеу үстіндеміз», — дейді шаруа қожалығының иесі.

Іс-шара барысында Шымкент қаласының Статистика департаменті өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы статистикасы бөлімінің басшысы Ержан Төлбасиев ұлттық санақтың жүргізілуі барысына тоқталды. Оның айтуынша, аграрлық сектордағы бұл науқан 1 тамыздан басталып, бүкіл елімізде бір мезгілде өтуде. — «Шымкент қаласында қазірдің өзінде 1 450 шаруа қожалығы онлайн форматта санақтан өтті. Жалпы, қала аумағында 7 180 қожалық бар, барлығын 30 тамызға



дейін қамту жоспарланған. Бұл үшін арнайы 13 учаске ашылып, қажетті техника мен интернетпен қамтамасыз етілді. Айта кетерлігі, жеке тұрғындардың ауласындағы мал санағы жүргізілмейді, тек ресми тіркелген шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер қамтылады», — деді ол.

Сондай-ақ Ержан Төлбасиев санаққа қатысу міндетті екенін, ал бас тартқан жағдайда заңға сәйкес әкімшілік шара қолданылатынын ескертті. Алғашқыда ескерту жасалып, бірнеше мәрте

талап орындалмаған жағдайда ғана қожалықтарға айыппұл салынатынын жеткізді.

Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы — агроөнеркәсіп кешеніндегі ең маңызды статистикалық зерттеу. Оның нәтижесінде елдегі мал басының саны, егістік жер көлемі, өнім өндіру деңгейі нақты анықталады. Бұл деректердің негізінде мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау бағыттары айқындалып, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қажетті шешімдер қабылданады.

АЛАҢ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

— Ата-аналар қымбатшылыққа байланысты әлеуметтік желіде мектеп формасын алып тастау туралы петицияға қол жинап жатыр. Олар мектеп формасы сабақ үлгеріміне әсер етпейтінін, сапасыз әрі ыңғайсыз екенін, ұстаздардың біраз уақыты форманы қадағалауға кететінін алға тартуда. Бұл пікір қаншалықты орынды? Мектеп формасы не үшін керек?

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты:



— Біркелкі мектеп формасы қаншалықты қажет деген сауалға тоқталсам. Мен кезінде міндетті мектеп формасы туралы бұйрыққа қол қойған адам ретінде айтарым — бұл дұрыс шешім. Өйткені форманың артықшылығы көп: ол тәртіпке баулиды, тең жағдай жасайды, «бренд кууды» тоқтатады, тағысын тағы. Әрине, кемшіліктері де бар, бірақ біздің жағдайда мектеп формасы қажет.

Маңыздысы — біз балалардың өз пікірін тыңдап көрдік. 2022 жылы, мектеп парламенттерімен кездесуден кейін олардың өтініші бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды. Ұсыныстар зерттеліп, мектеп формасына қатысты бұйрыққа өзгерістер енгіздік. Соның нәтижесінде формаға классикалық пиджак пен жейдеден бөлек, кардиган, поло секілді күнделікті киюге ыңғайлырақ нұсқалар да қосылды. Яғни, әртүрлі қажеттілік ескеріліп, жалпы мектеп формасы анағұрлым қолайлы бола түсті.

Данагүл РАУИЯҚЫЗЫ,
Республикалық білім мазмұнын
сараптау орталығының
жетекші сарапшысы:



— Қазақстандағы мектеп формасына қатысты пікірталас жыл сайын өзекті болып отыр. Ата-аналардың көтеріп отырған уәжі қаншалықты орынды екенін айта алмаймын.

Бастапқыда мектеп формасы жекеменшік білім ордаларының беделін айшықтайтын бірегей киім үлгісі ретінде қолданылған еді. Кейіннен бірыңғай форма барлық оқушы үшін міндетке айналды. Негізгі мақсат — балалардың сыртқы келбетіне немесе ата-анасының әлеуметтік жағдайына қарай алалаушылықтың алдын алу. Алайда жаңа оқу жылы қарсаңында ата-аналар арасында бұл мәселеге қатысты көзқарас екіге жарылды. Бір топ ата-ана мектеп формасына қарсы шығып, петицияға қол қойса, енді бір бөлігі әлеуметтік желілерде бірыңғай форманың қажеттілігін қолдап отыр. Буллинг мәселесі өзекті заманда мектеп формасының болғаны жөн бе? Осы және басқа да түйткілдер жайында біз «Алаң» айдарында сарапшылар пікірін тыңдадық.

әртүрлі жағдайы бар, әртүрлі отбасынан шыққан балалар келеді. Солардың бәріне бірдей орта құрып, ешкімді алаламай, бәрі бірге оқитындай жағдай жасайды. Осы арқылы мектеп балаларға біліммен бірге жайлы психологиялық және педагогикалық атмосфера сыйлайды. Мектептегі бірыңғай форма — әлеуметтік теңсіздіктің көзге көрініп қалмауына ықпал ететін құрал. Оның мақсаты — балаларды бай мен кедей етіп бөлу емес, керісінше, олардың арасындағы айырмашылықтарды жасырып, қажетсіз салыстырулардан қорғау.

Әлі ой-санасы қалыптасу үстіндегі жасөспірімдер киіміне қарап бірін-бірі бағаламай, тек

аналар біршама шығындалады. Статистика бойынша, ТМД елдері арасында ең қымбат мектеп формасы Қазақстанда екені анықталды (71 429 теңге). Ал ең арзан мектеп формасы Әзербайжанда тіркелген. Орта есеппен шығын — 10 989 теңге. Кейбір мектеп формасын міндеттеген елдер оның бағасын төмендету саясатын ұсынады. Біздің елге де осындай бастама қажет пе?

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

— Мемлекет тарапынан мектеп формасын алуға қолдау қарастырылған. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету үшін «Жалпыға бірдей білім беру»

ФОРМА ҚҰНЫ —



Форманы алып тастаудың тәуекелдері бар.

Қымбатшылық пен сапасыздық туралы көтеріп отырған мәселе де рас. Бұл Қазақстанда мектеп формасын өндіретін ірі отандық өндіріс жоғынан туындап отыр. Көбіне Қытай, Түркия, Қырғызстан өнімдері қолданылады. Біз импортқа тәуелдіміз, сәйкесінше бағалар да жыл сайын өседі.

Форманың сабақ үлгеріміне тікелей әсер ететіні ғылыми дәлелденбеген. Жалпы, киімнің адамның интеллексіне әсер ету-етпеуі екіталай. Дегенмен мектеп формасы — ең алдымен әлеуметтік теңдікті сақтаудың құралы, балалар арасындағы айырмашылықты азайтады. Жалпыға бірдей форма әлемдегі ең мықты деген мектептерде де қолданылады. Себебі мектеп формасы тәртіп пен мектеп мәдениетін қалыптастырады, ұйымшылдықты күшейтеді. Балалар «не киемін?» деген мәселеге уақыт пен психологиялық ресурс кетірмейді. Алайда

ол өзінің негізгі миссиясын орындау үшін қолжетімді әрі сапалы болуы шарт.

Меруерт ЖАПАБАЕВА,
Ақбастау жалпы білім беретін
мектептің директоры:



— Мектеп — тек білім беретін орын ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы маңызды әлеуметтік институт. Оның басты міндеттерінің бірі — барлық балаға тең жағдай жасау. Мұны ғылым тілінде эгалитарлық функция дейді. Қарапайым тілмен айтқанда, эгалитаризация — теңестіру деген сөз. Яғни, мектепке

оқуға ден қоюы маңызды. Олар өзін және өзгені әлеуметтік мәртебесі арқылы емес, адамдық қасиеті арқылы қабылдап, еркін қарым-қатынас жасауы тиіс. Бұл психологиялық тұрғыдан қолайлы орта қалыптастыруға көмектеседі. Қоғамда тек таптық емес, этникалық, діни, гендерлік және түрлі субмәдени ерекшеліктер де бар. Мектеп кеңістігінде осындай айырмашылықтарды айқын көрсетпеу — мектеп формасының әлеуметтік теңестіруші қызметінің бір бөлігі. Сондықтан бірыңғай форма — балаларды бөліп-жармай, олардың барлығын біртұтас ортада тең дәрежеде ұстайтын маңызды тәсіл. Ендеше мектеп формасы әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етеді, балалардың мектепке деген жинақылық, тәртіп дағдыларын қалыптастырады. Сондай-ақ ұжымдық біртектілікті күшейтеді.

— Жыл сайын бір оқушыны мектепке дайындау үшін ата-

қоры арқылы арнайы механизм жұмыс істейді.

Бұрын мектеп формасын немесе киімді әкімдіктер белгілі бір сомаға сатып алатын. Алайда бұл тәсілдің бірқатар кемшілігі болды: көбіне бірдей фасон мен біртүсті киім тігіліп, сапасы төмен әрі өлшемі сәйкес келмей жататын. Балалар ондай киімді кигенде қысылып, оның бюджет есебінен алынғаны бірден байқалатын.

Сондықтан 2021 жылы біз бұл механизмді өзгерттік: көмекті монетизацияладық. Енді ата-аналарға қаражат картаға аударылады да, олар баласына не, қайдан сатып алу керектігін өздері шешеді. Бұл — ыңғайлы әрі дұрыс тәсіл: сапасы мен бағасын салыстырып, шынымен қажет затты таңдауға мүмкіндік бар. Қазір мектепке дайындыққа кететін шығын айтарлықтай көбейгендіктен, сол кезден бері қолдау сомасы да өсті деп сенемін. Ең бастысы — көмекті тікелей ата-анаға беретін осы қағида сақталған.

Данагүл РАУИЯҚЫЗЫ:

— Елімізде ұлттық өндірушілерді қолдаудың әлсіздігі салдарынан форма бағасы қымбат болып тұр және әрі қарай қымбаттай беруі мүмкін. Ол біздің ұлттық валюта теңгеміздің тұрақтылығына байланысты. Себебі әр жылы импорт құны, логистика шығыны және инфляция қосылады.

ТМД елдері ішінде Қазақстанда мектеп формасы ең қымбат екені анықталып отыр. Оның басты себебі — монополия, импортқа тәуелділік және стандарттың тым қатаң әрі бірыңғай болуы. Әзербайжандағыдай арзан бағаның себебі — жергілікті тігін өндірісін қолдау, бәсекелестікті арттыру және ата-аналарға таңдау мүмкіндігін беру.

Кейбір елдерде бағаны арзандату саясаты жүргізіледі. Мысалы, Ұлыбританияның

АЛАҢ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ЕЛДЕР БОЙЫНША МЕКТЕП ФОРМАСЫНЫҢ ҚҰНЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:



	ӘЗЕРБАЙЖАН - 10 989 теңге,
	АРМЕНИЯ - 22 527 теңге,
	ҚЫРҒЫЗСТАН - 32 967 теңге,
	РЕСЕЙ - 46 703 теңге,
	БЕЛАРУСЬ - 54 945 теңге,
	ҚАЗАҚСТАН - 71 429 теңге.

Елдер ҚАБА (инфографика)

АТА-АНА МҰҢЫ

өзінде заңдық тұрғыда мектеп формасын таңдау және жеткізушімен келісімді реттеуін қарастырады. Мектептер форманы тек белгіленген брендтерден емес, кез келген дүкеннен сатып алуға болатын нұсқаларды ұсынуға міндетті болады. Бұл ата-аналарға арзан, бәсекеге қабілетті нұсқаларды таңдауға мүмкіндік береді және билікке бағаны бақылау мен мектеп формасына қатысты саясатты қадағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Ирландияда мектептерге арнайы брендтелген формалардан гөрі жалпы брендсіз формаларды таңдауды ұсынады. Бұл бағаның жасанды түрде өсуіне тосқауыл болады. Тіпті, Беларусьтің өзінде Президенттің тапсырмасымен мектеп формасының баға саясаты мен ассортименті арнайы бақылауға алынған. Сонымен қатар көпбаллы отбасыларға формаға қаржылай көмек көрсетіледі. Ондай көмек бізде де бар. Жылда, «Мектепке жол» аясында көмек-қолдау көрсетіліп жатады.

Біздің елде де бақылауға алып, нақты кадамдар жасау қажет: отандық жеңіл өнеркәсіпті қолдау, бәсекелестік орта құру, ата-аналарға таңдау мүмкіндігін беру. Әлеуметтік осал топтар үшін мектеп формасын тегін немесе жеңілдікпен ұсыну мәселесі де аса маңызды.

Меруерт ЖАПАБАЕВА:

— Иә, жыл сайын тамыз айында мектеп формасына қатысты қызу пікірталас жүреді. Статистика көрсеткендей, Қазақстандағы форма шығыны ТМД-дағы ең жоғары деңгейде. Бұл бірнеше себептен туындаған мәселе: импорттық материалдарға тәуелділік, тауар бағасының реттелмеуі. Кей елдерде (мысалы, Ресейде, Әзербайжанда): мектеп формасының бағасын шектейді, отандық тігіншілерге қолдау көрсетеді. Қазақстанға да осындай бастама

қажет. Елімізде бұрын оқуға қажетті киім-кешек пен оқу құралдарын мектептің өзі берсе, 2022 жылдан бастап ата-аналардың сұранысы негізінде ақшалай түрде ата-ананың банк шотына аударылатын болды. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сүйенсек, аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсету және балаларды 100% оқумен қамтамасыз ету мақсатында құрылған «Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру»

Әділет министрлігінде тіркелген, заң күшіне ие бұйрық бар, сол бұйрыққа бағыну керек. Онда мектепке сари немесе шартты түрде діни киім ғана емес, басқа да бірқатар киіммен, соның ішінде джинсы, қысқа юбкамен де келуге болмайтыны көрсетілген.



қоры материалдық көмекпен жыл сайын 500 мыңнан астам баланы қамтиды. Былтыр бір балаға 43 407 теңгеден берілді. Қаражатты алу үшін әр ата-ана мектеп директорының атына өтініш жазуы қажет. Одан кейін несиелік қарызы жоқ және бұғатталмаған банктік картасының 20 таңбалы нөмірін ұсынады немесе материалдық көмекті аудару үшін банкте арнайы шот ашу керек. Бұл көмекті ата-аналар сабаққа барғалы отырған балаларына киім-кешек, оның ішінде мектеп формасы, аяқ-киім, оқу құралдарын сатып ала

алады. Бір ескере кетерлігі, талапқа сәйкес, қаражатты мақсатты пайдаланылуы құжатпен расталады. Яғни, ата-аналар тиісті тауарларды сатып алғаннан кейін оны растайтын құжаттарын ұсынулары тиіс. Сонымен қатар 2008 жылдан бері жыл сайын 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында еліміздің барлық өңірлерінде дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы өткізіледі.

— Ата-аналар мектеп формасының орнына іскерлік дресс-код ұсынып отыр. Жалпы, мектеп формасын реформалау туралы жыл сайын тамыз айында шу шығатынына үйреніп кеттік. Дегенмен бұл зайырлылық талаптарына келіспейтін топ өкілдеріне қолайлы жағдай жасайтын ұсыныс емес пе?

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ:

— Әділет министрлігінде тіркелген, заң күшіне ие бұйрық бар, сол бұйрыққа бағыну керек.

Онда мектепке сари немесе шартты түрде діни киім ғана емес, басқа да бірқатар киіммен, соның ішінде джинсы, қысқа юбкамен де келуге болмайтыны көрсетілген. Бұл талаптарды басқа факторларға апарып тәлудің қажеті жоқ. Әңгіме құқықтық мемлекет туралы болып отырғаннан кейін, талаптарға бағынуымыз керек. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы бар. Осыған сәйкес, қазақстандық оқушылар мектеп формасын киюі керек. Бұл зайырлылық қағидаттарына сәйкес оқу ор-

нының ішкі тәртібін сақтау мақсатында енгізілген. Мектептен тыс жерлерде бұл мәселе бойынша тыйым салынбайды. Қыздарға арналған мектеп формасына пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық блузка немесе түймелері әлде сыдырмалы құлып бар тоқылған куртка/кардиган, поло жейде немесе футболка (қыста: тоқылған жилет, сарафан) кіреді. Сондай-ақ қыздарға арналған кең және ұзын шалбар аяқтың тобығын жауып тұруы шарт. Ұл баланың классикалық мектеп формасына пиджак, жилет, шалбар, жейделер (күнделікті және мерекелік), тоқылған күрте/кардиган, поло немесе тенниска, қысқы мезгілде трикотаж жилет пен водолазка кіреді. «Мектеп формасын сақтау» деген сөз «қандай да бір атрибутика мен элементтерді пайдаланбауды» тұспалдайды. «Форма» деген ұғым барлық осы қатынастарды реттейді. Тіпті болмаса, мектеп формасы жоқ болып, мектепке кіргізбейді деген мәселе жоқ. Ол таза, тәрбиеміз бен дәстүрімізге сай ақ көйлек, кара шалбармен келсе, оған мектепке кіруге ешкім бөгет жасамайды.

Данагүл РАУИЯҚЫЗЫ:

— Ата-аналар ұсынған іскерлік дресс-код нұсқасы да белгілі бір деңгейде тиімді болуы мүмкін дейді. Бірақ дресс-код дегеніміз сол мектеп формасы ғой, айналып келгенде. Егер мектепке форманы таңдау еркіндігі берілсе, ол нақты ережелермен бекітілмесе, әлеуметтік теңсіздікті күшейтуі ықтимал. Дегенмен, мемлекеттік болсын, жеке меншік болсын, бүгін де форманы өздері таңдап отырған мектептер жетерлік.

Сондай-ақ зайырлылық қағидаттарын сақтау үшін дресс-кодтың шектері алдын ала анықталуға тиіс. Кейбір топтар діни сипаттағы киімдерді «дресс-код аясында» енгізуге

тырысуы мүмкін. Бұл мектептегі бірыңғай саясатқа қайшы келуі ықтимал. Сондықтан дресс-кодтың зайырлылыққа қайшы келмейтін нақты ережесін алдын ала бекіту керек деп ойлаймын.

Мәселе «форма бар ма, жоқ па» деген қарапайым сұрақ емес. Ең бастысы — ата-аналарға қолжетімді, сапалы әрі әлеуметтік теңдікті сақтайтын шешім ұсыну қажет. Негізі, осы мектеп формасы жайлы ата-аналар қауымы жылда мәселе көтереді. Мәселені көтерген адамдардың пікірі барлық 4 миллионға жуық білім алушылардың ата-аналарының пікірі деп ойламаймын. 1% түгіл, 0,001%-да құрауы күмәнді. Сондықтан бірлі-жарым адамның айтқанын тұтас қауымның пікірі деп танудың қажеті жоқ. Және шулатты екен деп еркіндік беру немесе тыйым салу әдетімізбен бос жіберсек, әлеуметтік алауыздықты туғызу немесе терендету тәуекелдері бар екенін де естен шығармау керек. Қоғамымыз сондай, алуан түрлі.

Меруерт ЖАПАБАЕВА:

— Мектеп формасына қатысты мәселені қарастырғанда ең алдымен елдің негізгі ұстанымдарын ескеру қажет. Біріншіден, Қазақстан Конституциясына сәйкес біз — зайырлы мемлекетпіз. Екіншіден, «Білім туралы» заңның 3-бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басты қағидаттары айқындалған. Онда әрбір азаматтың сапалы білім алуға құқығы, білім беру жүйесін дамытудың басымдығы, тұлғаның зияткерлік әлеуетін ашу, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, сондай-ақ азаматтық пен ұлттық құндылықтардың, адамның өмірі мен денсаулығының, жеке тұлғаның еркін дамуының маңызы көрсетілген.

Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі іскерлік дресс-код — дұрыс бағыт. Бірақ ол зайырлылық қағидаттарына қайшы келмейтіндей, нақты әрі әділ ережелермен бекітілуге тиіс. Сонда ата-аналар балаларын қолжетімді әрі сапалы киіммен қамтамасыз ете алады, ал оқушылар ыңғайлы киініп, өзін еркін сезінеді. Сонымен бірге сыртқы келбетте белгілі бір ортақ талаптардың сақталғаны жөн: мысалы, қыздарға — белдемше немесе классикалық шалбар, ұлдарға — жейде мен шалбар.

Бұл тәсіл артық сәнқойлық пен әлеуметтік бәсекелестікті азайтып қана қоймай, мектеп ішінде тәртіп пен теңдікті нығайтады. Демек, дресс-код — оқушының еркіндігін шектейтін емес, керісінше, Конституция мен заңда бекітілген қағидаттарға сәйкес, сапалы білім алуына және өзін тең дәрежеде сезінуіне жағдай жасайтын маңызды құрал.

Дайындаған
Көктем ҚАРҚЫН

ШАРТАРАП

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



қолдай 2020 жылдан бері 15-20%-ға азайған. BLMGNF ұйымы мен BLM Grassroots арасындағы ішкі қақтығыстар, қаржының тиімсіз жұмсалыуы, жымқырылуы Black Lives Matter қозғалысын демеушілердің көңіліне күдік ұялатып, халық арасына сенімсіздік туғызды. Әлеуметтік поляризация әсерінен BLM-ге көмек беретіндер кейіннен қаржылай қолдауын тоқтатты. Әлем жұртын толқытқан Джордж Флойд оқиғасы да АҚШ-та ұмыт бола бастады, қазір қоғамды бұдан басқа мәселелер — экономикалық дағдарыс, инфляция, АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы көбірек алаңдатады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕҢСІЗДІК ҰЛҒАЙҒАН

Америкалық арманды орындау АҚШ-тағы қай топқа да оңайға соқпай барады.

жақсы мүмкіндік бар. Заңсыз кіргендер ауыр жұмыс қана істейді. Дипломы бар кәсіби маман болсаң, жұмыс істеуге заңды рұқсат алсаң, табысқа жетуге болады, — дейді З.Омар.

Отандасымыз Америкадағы өмірін баяндап, бұл мемлекетте жұмыс істеудің артықшылығы мен кемшін тұсын сөз етті. Оның айтуынша, мұнда жұмыс көп, әдетте жұмыс іздейтіндер facebook желісінен немесе indeed қосымшасынан тауып алады.

Заңғар жұмысқа тұрар кезде кей жағдайдың үлкен рөл ойнап кететінін жеткізді. Мысалы, мексикалық мейрамханалар, супермаркет пен кондитерлік дүкендерде жұмыс істеу үшін ағылшын тілімен қатар, испан тілін білу де маңызды екен.

— Ағылшын тілін білсем де, испан тілін білмегенім үшін бірнеше жер жұмысқа алудан бас тартты және латыш қыздары

АМЕРИКАЛЫҚ АРМАНЫҢ

Баспана, білім, әділет пен тең мүмкіндік — кез келген жанның арманы. Бір кездері бүкіл әлемді еліткен «америкалық арман» дәл осы құндылықтарды уәде еткен еді. Алайда бүгінгі АҚШ-та бұл уәделердің орындалуы барған сайын күмәнді бола түскендей көрінеді. Солай ма?

Америкалық арман (American Dream) — шығу тегіне қарамастан әр адамның қабілеті мен еңбегі арқылы әлеуметтік жағдайын жақсартуға, еркіндікке ұмтылуға жол ашатын АҚШ-та кең тараған ұлттық идея. Бұл туралы АҚШ-тың тарихи құжаттарында, әсіресе 1776 жылы Тәуелсіздік Декларациясында жарияланған. Құжатта адамдардың заң алдындағы теңдігі, олардың өмір сүруге деген құқығы, бостандығы мен бақытқа ұмтылуы турасында нақты көрініс тапқан. Ал «америкалық арман» терминін алғаш рет 1931 жылы тарихшы Джеймс Труслау Адамс The Epic of America кітабында қолданған. Бастапқыда бұл арман демократия, еркіндік және теңдік ұғымдарымен тығыз байланысты еді. Алайда идея уақыт өте келе, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде материалдық жетістіктерге жетуге итермеледі. Өткен ғасырдың 90-жылдары ғалымдар әлеуметтік тәртіп туралы арманның халыққа теріс әсер ететінін айта бастады. Америкалық арманмен «ауырған» жастар тек ақша мен мансапқа ұмтылып, оған қолы жетпесе, өз-өзін кінәлап, соңында депрессияға шалдығып, мұның салдарынан менталды саулыққа орасан зор зардап тигізуі мүмкін. Дегенмен қай елдің халқы үшін де әл-ауқаттың тұрақтылығы, білім мен денсаулық саласына әділетті, тең қолжетімділіктің қажеті анық.

BLACK LIVES MATTER ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ АЗАЙДЫ

Америкалық арман қағидаты бойынша әркім тең мүмкіндікке ие болуға тиіс, алайда қоғамда расизм мен ксенофобия әлі де ашық сипат алып отыр. Соның жарқын дәлелі — 2013 жылдан бері әлемге кең тараған Black Lives Matter (BLM) қозғалысы.

2012 жылы Флорида штатында ақ нәсілді ер адам Джордж Циммерман қара нәсілді жасөспірімді атып өлтіреді. Циммерман өзін қорғадым деп ақталып,

жазадан босап шығады. Бұл жағдай халықтың қытығына тиіп, қоғамдық резонанс тудырды. 2013 жылы қара нәсілді әйелдер — Алисия Гарза, Патрисс Каллорс және Опал Томети әлеуметтік желіде #BlackLivesMatter хэштегін қолданып жазба қалдырады. Уақыт өте келе бұл хэштег қалың елге тарап, қоғамдық ұранға, әлем наразылығын тудырған ірі қозғалысқа ұласты.

2014 жылы 9 тамызда Миссури штатының, Фергюсон қаласында ірі көтеріліс болды. Оқиғаға себеп — 18 жастағы қарусыз афроамерикалық Майкл Браунның жергілікті полиция қызметкері Даррелл Уилсонның қолынан қаза табуы. Алғашында әлеуметтік желіге тараған ақпарат жұрт ашуына тисе, кейін сот шешімінше, Уилсонға тағылған айып негізсіз саналып, бостандыққа шығып кетуі АҚШ қалаларында түрлі акцияның өтуіне себеп болды. Осылайша, қоғамдық толқу 2 желтоқсанға дейін жалғасады. Қоғамдық дау тудыратын мұндай оқиғалар жыл сайын қайталанып тұрады.

2020 жылы Джордж Флойдтың полицией қолынан қаза табуы BLM қозғалысын жаһандық деңгейде танытты. Әлеуметтік желіде тараған видеода Джордж полиция қызметкеріне қарсылық танытпаса да, офицер оның мойнын аяқпен таптап, сонында ол тыныс ала алмай, қайтыс болады. Осы оқиғадан кейін әлем бойынша 60-тан



Оған тағы бір дәлел — кейінгі онжылдықтағы экономикалық теңсіздік, тұрақты орта, табыстың төмендігі. 2023 жылы Pew Research Center зерттеуінше, халықтың 10%-ы ел байлығының шамамен 70%-ын иеленген. Бұл үлесті Голливуд фильмдерінде көрген ертегідегідей жайлы өмір иелері деп санауыңызға әбден болады. Көрсеткіш 1980 жылдармен салыстырғанда, айтарлықтай өскен. Халықтың 50%-ы ел байлығының

керек деген талап қойды. Колумбиядан келген латыш қызын бірден жұмысқа алды. Әрине, бұл бөліп-жаруға жатпаса, бірақ жұмысқа келгенде әртүрлі талаптың барын білдім, — дейді студент.

Сонымен қатар кей жұмыс орны қара нәсілділерді де алмаймыз деп бірден кесіп айтқанына куә болыпты. Заңғардың жұмыс істеп жүрген орталығына Ямайкадан келген қара нәсілді досы сол үшін де жұмысқа орналаса алмаған.

— Халықтың жағдайы жақсы, бірақ кедейдер де барын жасырмаймын. Дегенмен Қазақстанда бір жалақы аласың, оның жартысынан көбі тек ішіп-жемге кетіп қалады. Бұл жақта тапқаныңның жартысын азық-түлікке жұмсап тастамайсың. Тапқаныңның бестен бірін тамаққа жұмсауың мүмкін. Кірісің мен қажеттілік арасында алшақтық бар, — дейді З.Омар.

Он тоғыз жастағы студент Америкада құжат рәсімдеу ұзақ уақыт алатынын айтып қалды. Мәселен, «Қазақстанда бір құжатты бір-екі күнде жасатып алсаң, Америкада кемінде екі-үш апта күтесің. Ал жүргізуші куәлігін алу үшін екі айдай уақыт кетуі мүмкін» дейді.

— Бір қиыны, медициналық көмек көрсету өте қымбат. Медициналық сақтандыруым қар, бірақ тіс емдеуге ол қаражат жеткіліксіз. Жай ғана жедел-жәрдем қызметін шақырудың өзіне 1000 доллар төлейсің. Ауруханада емделу тіпті қымбат. Америкада ауырмаудың қамын жасау керек, — дейді Заңғар.

Investopedia статистикасына зер салсақ, 2024 жылы «америкалық арман» орта мөлшерде 4,4 миллион доллар тұрады деген есеп бар. Бұл есепте үйлену, екі баланы тәрбиелеу, үй сатып алу, жаңа көлік алу, зейнеткерлікке ақша жинау, жыл сайынғы еңбек демалысы секілді негізгі қажеттілік ескерілген. Елде зейнеткерлікке дайын-

Investopedia статистикасына зер салсақ, 2024 жылы «америкалық арман» орта мөлшерде 4,4 миллион доллар тұрады деген есеп бар. Бұл есепте үйлену, екі баланы тәрбиелеу, үй сатып алу, жаңа көлік алу, зейнеткерлікке ақша жинау, жыл сайынғы еңбек демалысы секілді негізгі қажеттілік ескерілген.

астам елде наразылық шеруі өткен. Сол кезде Black Lives Matter қозғалысын өткізетін ұйымдардың да атағы дүркірей шықты.

BLM Grassroots — Black Lives Matter қозғалысының негізгі, жергілікті бөлімшелерінің коалициясы. Бұл құрылым 2022 жылы Black Lives Matter Global Network Foundation (BLMGNF) ұйымынан бөлініп шыққан. Оған Флойдтың оқиғасынан кейін BLMGNF ұйымына түскен қайырымдылық қаражатының ашық болмауы және шынайы белсенділердің мүддесін қорғамауы себеп болған. Бүгінде BLM Grassroots-тың 51 бөлімшесі бар, оның біреуі Швецияда орналасқан. Ұйым полицияның зорлық-зомбылығына қарсы тұрып, елдегі әділдік пен теңдіктің орнауына күш салып, ауқымды іс жүргізіп келеді. Дейтұрғанмен, жыл өткен сайын Black Lives Matter қозғалысын қаржыландыру мен қолдау деңгейі қысқарып жатыр. Pew Research Center сауалнамасының дерегінше, BLM-ге деген

небәрі 2%-ын иемденетін көрінеді. Елде кедейлік деңгейі артып, 2023 жылы 37 миллион адам (яғни, халықтың 11%-ы) кедейлік шегіне жеткен. Кедейлік деңгейі денсаулық және тұрғын үй мәселелерімен байланысты, бұл америкалық арманға жетуге үлкен кедергі болып тұр.

Америкада жұмыс істеп жүрген отандасымыз, Nazarbayev University-нің 2-курс студенті Заңғар Омар халықтың жағдайын тым төмен деп айта алмайды.

— АҚШ-қа Work and Travel бағдарламасы арқылы келдім. Оған 1,7 миллион теңге қаржы жұмсадым, ішіне медициналық сақтандыруым мен барып-қайту билетім де кіреді. Қазір Вирджиния штатының Дуллес қаласында тұрып жатырмын. Пәтерқыны төлеу қалтаға қатты ауырлық салмайды. Айына шамамен 300 мыңдай төлеймін. Жалақы күн көріске жетеді. Бассейнде құтқарушы болып істеймін. Негізінен, Америкаға заңды түрде сырттан келген адамдарға да

ШАРТАРАП

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

далудың өзі — аландатарлық мәселе, америкалық азамат зейнет жасына жеткенше қорға кем дегенде, 1,6 миллион доллар жинақтау керек. Үй сатып алуда 20% бастапқы жарна мен 30 жылдық ипотеканы алу үшін 930 мың АҚШ доллары қажет. Одан кейін бір отбасы 17 жасқа дейін екі баланы тәрбиелеуге және мемлекеттік колледжде төрт жыл оқуға 832 мың доллар төлеуге дайын болуға тиіс. Дегенмен АҚШ-та табыс та көп елдердегі көрсеткіштен жоғары екенін ескеру қажет.

ҚАРЫЗЫ БАРЛАР АМЕРИКАЛЫҚ АРМАНҒА СЕНБЕЙДІ

Студенттердің сеніміне селкеу түсіретін тағы бір жайт — студенттік қарыз. Студенттік қарыз (Student loan) — америкалық студенттердің жоғары білім алуы үшін банк-



ДАҒДАРЫСЫ

терден, мемлекеттен немесе басқа қаржы ұйымдарынан алатын несие түрі. Бұл несие оқу ақысын, жатақхана, оқу құралдары мен басқа да шығындарды төлеуге арналған. Екінші деңгейлі банктерде пайыздық мөлшерлеме біршама жоғары, ал мемлекеттік несие мөлшерлерлемесі салыстырмалы түрде азырақ. АҚШ-та студенттік қарыздың жалпы көлемі 1,7 триллион доллардан асады деген дерек те бар. Студенттік қарызы барлар америкалық арманның орындалуына сенбейтін болды. Университет түлегі оқуын аяқтағанда шамамен 30 000 доллар қарыз арқалайды. Сондықтан бұл жағдай үй алуға, отбасын құруға, қызметтік жоғарылауға кедергі жасайды. Елде жастардың тегін білім алуына арналған бағдарламалар аз, сондықтан көптеген жасқа жоғары білім алу мүмкіндігі туа бермейді.

Кейінгі жылдары жастардың студенттік қарызға қарсы наразылық қозғалысы жиі өтетін болған. Қозғалыс 2015 жылы Million Student March деген атпен бастау алған. Сенатор Берни Сандерс 2015 жылы маусымда берген бір сұхбатында «Егер миллион жас Вашингтонға барып, студенттік қарыздарды жою мен тегін білім беру туралы талап етсе, Конгресс бұл мәселені шешуге мәжбүр болады» деген пікір білдіреді. Сенатор сөзі студенттерге шабыт бергені соншалықты қысқа уақытта ірі қозғалыс пайда болады. Million Student March АҚШ-тағы студенттік қарыз мәселесіне қоғам назарын аудартып, кейбір штаттар мен университеттер студенттік қарызды азайтуға қатысты бастамаларды қолға алған. Бүгінде осы атаумен үндес студенттер қозғалысының белсенділігі артқан.

Саясаттанушы Қазбек Майгелдинов билік кай кезеңде де жастар талабына құлақ асуға тиіс, сондықтан алда өзгерістер боларына сенім артады.

— Джо Байден президент болған кезде студенттік қарыз жүктемесінің біраз бөлігі кешірілген. Қазір бұл қарыз көлемі бір жарым триллион доллардан асты. Байден 153 миллиард долларға жуық студенттік қарызды жойған еді. Студенттердің талабы ішінара орындалады. Кез келген тарихи оқиғаға қарасақ, Қытайдағы Тэн Ен бастаған қозғалыс, Оңтүстік Кореядағы 1980 жылдардың аяғындағы студенттік қозғалыстар сияқты жастар қозғалысы көбіне революциялық идеяларға пара-пар келеді. Бұл жерде жүйелі проблема түбегейлі шешілмесе де, жастар талабы белгілі бір мөлшерде орындалуға тиіс, орындалады да. Байденнің кейсі бар, Трамп билігінде бұл кейс қаншалықты жалғасары белгісіз. Менің ойымша, жастардың талабымен санасып, ескеруге тура келеді, — дейді саясаттанушы.

Жастар мәселесі түбегейлі шешім таппаса да, студенттер қозғалысының күші келер күнге өзгеріс сыйлар деген үміт бар.

Студенттер АҚШ-тың сыртқы саясатына да баға беріп, азаматтық пікірін білдіруге табандылық танытып келеді.

2024 жылы мамырда АҚШ студенттері Газа секторындағы қақтығысты тоқтатуға шақырып, оқу орындарында наразылық акцияларын өткізді. Акцияға Гарвард, Колумбия, Нью-Йорк, Калифорния университеті сынды беделді оқу орындарының студенттері мен оқытушылары да қатысқан. Наразылық 45 штат пен Колумбия округін тегіс камтып, 140-қа жуық университет пен колледжде өткен. Ең үлкен наразылық акцияларының бірі Джордж Вашингтон университетіндегі митинг болды, онда ондаған студент наразылық ретінде кампус маңында шатырлар қалашығын құрған. Жиынға қатысқан 3 000-нан астам адам тұтқындалып, студенттер оқудан шығарылып, диплом күшін жойған. Шеру барысында студенттермен қатар университет профессорлары мен оқытушылары да қамауға алынған.

САЯСИ ПОЛЯРИЗАЦИЯ ХАЛЫҚТЫ ШАРШАТТЫ

АҚШ-тағы саяси күштердің ортақ мәмілеге келе алмауы да америкалық арманға деген сенімнің әлсіреуіне тікелей әсер етіп отыр. Жоғарыда тарқатып жазған жағдайлардың ушығуына да себеп — осы.

Pew Research Center 2023 жылы жасаған енді бір зерттеуінде «америкалықтардың



65%-ы саясат туралы ойлаудан шаршайды» деген дерек келтіреді. Ал жалпы халықтың 28%-ы Республикалық және Демократиялық партияның екеуіне де теріс көзқараста дейтін қорытындыға келген. Бұл көрсеткіш кейінгі 30 жылдағы ең жоғары деңгейге жеткен.

Саясаттанушы Қазбек Майгелдинов АҚШ-тағы саяси, әлеуметтік және экономикалық дағдарыс саяси поляризация мен популизмнің өршуінен ушығып отыр дейді.

— Қоғамның екіге бөлінуінен құндылықтарға байланысты, Американың осы күнге дейін желеу етіп келе жатқан басты принципі — демократияның өзіне қауіп төндіретін тенденцияларды байқауға болады. Сайлау алдында, әсіресе президенттік науқанда, бұл мәселе ушыға түседі. Капиталийге шабуыл сияқты оқиғалар демократиялық нормаларға қауіп төндіретінін көрсетеді. Дональд Трамптың президент

ретіндегі рөлі де осы жағдайға тікелей әсер етіп отыр. Оның құндылықтарға қаншалықты сай екені немесе қарама-қайшы келетінін өзі жиі жариялайтын Twitter-дегі жазбаларынан көреміз, — дейді саясаттанушы.

Gallup ұйымының деректеріне сәйкес, жастардың үштен бірінен азы ғана АҚШ үкіметіне сенім білдіреді екен. Бұл дамыған елдер арасындағы ең төменгі көрсеткішке жетті. 2024 жылы өткен GenForward сауалнамасы нәтижесінде, 2000 жастың 58%-ы АҚШ-тағы демократияның дұрыс жұмыс істемейтінін айтқан.

Қ.Майгелдиновтың ойынша, америкалық арман идеясына саяси поляризацияның әсері зор.

— Егер халықтың саяси жүйеге деген сенімсіздігі әрі қарай арта берсе, DC Comics-дегі «Готэм» қаласы сияқты Американың ішкі қоғамында ірі поляризация артып, билік пен халық арасындағы қақтығысқа алып келуі ғажап емес. Осы сенімсіздікті төмендету үшін жаңа реформалар қажет. Бұл реформалар Трамп кезеңінде жүзеге аса ма, әлде одан кейінгі уақытта ма білмеймін, оны уақыт көрсетеді. Ал америкалық құндылықтар мен ішкі дағдарыстың жалғасуы жақсы нәтиже бермесі анық, — дейді Қ.Майгелдинов.

Дональд Трамп бастаған республикашылдар халықтың америкалық арманға үкіметтің араласуынсыз, өз еңбегімен жету-

толқындары әсер етпей қоймайды. АҚШ-қа сырттан келушілерді де «америкалық арман» алға жетелейді. Алайда кейінгі кезде иммиграцияға қатысты дау «Америка — бәріне мүмкіндік беретін ел ме, әлде тек таңдаулыларға ма?» деген сұрақ туындатты.

Қ.Майгелдинов АҚШ тарихи тұрғыдан мүмкіндіктер елі саналса да, қазіргі үрдістер өте күрделі екенін айтады.

— Трамптың сайлауалды бағдарламасында Мексика мен АҚШ арасында қалқан орнатамын деген мәлімдемесі бар. Иммиграциялық жүйе заңсыз және заңды келушілер арасында айтарлықтай айырмашылық жасап отыр. Экономикалық факторлар мен қауіпсіздік мәселелері қоғамдағы пікірлерді екіге жарды. Негізгі, тенденцияны байқағанымыздай, Америка таңдаулы миграцияға бағдарланған мемлекетке айналды, — дейді саясаттанушы.

Спикердің ойынша, Трамп өз көзқарасына сай жоғары білімді және дағдысы бар мамандарды қолдайтын саясат жүргізіп отыр. Жұмысшы табынан келетін қарапайым иммигранттарға толықтай тосқауыл қою арта бермек.

Дәл қазір Американың ішкі саяси-әлеуметтік жағдайы түбегейлі шешіле кетуі неғайбыл. Америкалық арманның орындалуы үшін жаңа реформалар қажет. Ал бұл таяу күннің әңгімесі емес көрінеді. Алпауыт мемлекеттің ішкі жағдайы Еуропа елдеріне ғана емес, Қазақстанға да жанама әсер туғызып жатқаны байқалады. Бұл туралы да саясаттанушыдан пікір сұрауды жөн санадық.

— Геосаяси турбуленттілік Еуропаға елеулі әсер еткенімен, Қазақстанға ықпалы шектеулі. Біріншіден, америкалық компаниялардың Қазақстандағы инвестициялары азайып келеді. Кейінгі 7 айдағы мәліметке қарасақ, 119 шетелдік инвестор қызметін тоқтатқан, соның ішінде америкалық компаниялар да бар, — дейді Қ.Майгелдинов.

Саясаттанушы Америкадағы демократиялық институттардың дағдарысы Қазақстанға кері әсер етпей, керісінше саяси дамуда балама үлгілерді іздеуге түрткі болуы мүмкін деген оң пікір білдірді. Алайда америкалық университеттердегі қазақстандық студенттердің саны мен сапасы өзгеруі мүмкін, ғылыми-техникалық серіктестік, мәдени алмасу бағдарламалары қысқарып жатқанын да жеткізді. Трамптың бастамасымен Орталық Азияда, оның ішінде Қазақстанда кейбір жобалар тоқтатылып жатыр.

Сонымен америкалық арман халық үшін тең мүмкіндіктер мен еркіндікке негізделген идея болғанымен, бүгінде жаңа сипат алғаны айқын. Әлеуметтік, экономикалық және саяси қайшылықтар бұл ұғымды қайта бағамдауға мәжбүр етті. Сенімге селкеу түскенмен, көңілде үміт әлі де бар.

Айсүлу СҒЕЗХАН

ДАМУ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қарағанды облысында ерекше қажеттілікті талап ететін жандарға мемлекеттік қолдау күшейген. Оларды жұмысқа орналастыру, әлеуметтік көмек түрлерінен тыс қалдырмау жағы да оңтайлы ұйымдастырылған. Жақында Қарағанды қаласында жаңа пилоттық жоба іске аса бастады. Бұл да осындай жандарды қолдаудың бірі.

АРБА КӨТЕРЕТІН ҚҰРЫЛҒЫ – ЖАҢА ЖОБА

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Біздің айтып отырғанымыз да өте қажетті де әрі көптен айтылып келе жатқан мәселе. Бірнеше жылдан бері қолға аламыз деген шаруаның тетігі табылғандай. Яғни, Қарағандыда арбаға таңылған азаматтарға арналған заманауи көтергіштер қолданысқа берілді. Енді көпқабатты үйлердің жоғарғы қабаттарында тұратын жандардың далаға шығуы немесе кері көтерілуі әлдеқайда жеңілдейді.

Айта кету керек, Sano PTR 160 маркалы шынжыр табанды көтергіштер Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бө-

лекпаевтың тапсырмасымен сатып алынды.

Ескі үйлерде лифт пен пандустардың болмауы ұзақ жылдар бойы ерекше жандардың ең өткір мәселелерінің бірі болып келген еді. Бұл түйткіл тұрғындармен кездесу-

лерде бірнеше рет көтерілген болатын.

— Әкімге талай рет арбаға таңылған қарағандылықтардың үйден шығу қиындығы



айтылды. Таза ауаға шығу, дүкенге бару үшін олардың туыстарынан, көршілерінен, достарынан көмек сұрауына тура келеді. Көбіне оларды қолмен түсіреді. Бұл, әрине әрі қолайсыз, әрі қауіпті. Кейде тіпті шұғыл жолға шығу керек болғанда жанында көмекке келер адам табылмай, Төтенше жағдай департаменті қызметін шақыруға тура келген жағдайлар да болды, — дейді облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталиев.

Жаңа көтергіштер арбадағы адамды қауіпсіз әрі тез қажетті қабатқа көтеріп-түсіруге мүмкіндік

береді. Құрылғы әмбебап, кез келген арба түріне бейімделген. Ал арнайы дайындықтан өткен екі қызметкер құрылғыны басқарып, азаматтарға көмек көрсетеді.

Қызметті алу үшін кемінде бір күн бұрын +7-771-981-68-11 нөміріне өтінім беру қажет. Өтінімде мекенжай, байланыс нөмірі және қызмет көрсетілетін уақыт көрсетіледі.

— Адамның үйден шығу себебі маңызды емес. Біреу жай серуендегісі келсе де, біреу дәрігерге барса да — бәрі тең. Ең бастысы — әрбір адамның еш кедергісіз сыртқа шығу құқығы бар, — дейді Нияз Сүндеталиев.

Жоба әзірге пилоттық режимде жүзеге асуда. Мамандар көтергіштердің қаншалықты сұранысқа ие екенін, қай аудандарда жиі қажет болатынын және пайдаланудың ыңғайлы уақытын анықтап жатыр.

Алынған нәтижелерге қарай жобаны кеңейтіп, қосымша құрылғылар сатып алу жоспарлануда. Алдағы жылдары осындай көтергіштер облыстың өзге қалаларына да орнатылмақ.

Бүгінде отандық өнімді өндіруге ерекше ден қойылуда. Кәсіпкерлер сырттан тауар тасымай, оны өз елімізде шығаруға күш салып жатыр. Әрине, көлік, робототехника, заманауи тұрмыстық бұйымдарды шығаруға әзірге әлеуетіміз жетпеуде. Десе де, өңір кәсіпкерлері күнделікті өмірге қажетті сұйық ұнтақ сынды тауар шығарып, тың тірлікті түлетуде.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жамбыл облысы Меркі ауданындағы Әлмахамбет Мамытов есімді азамат есік алдынан кір жууға арналған сұйық ұнтақ өндіру цехын ашып, тың кәсіпке тәуекел етіп отыр. Ол үшін Әлмахамбет «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында несие алған. Тәтті ауылдық округіндегі Тәтті ауылынан кірпіші қаланған кәсіпорынның жұмысын жолға қою үшін 5 млн 600 мың теңгені бағыттаған. Несие 5 жылға рәсімделіп, «Тараз» ӘКК» АҚ арқылы қайтарылады. Қуанарлығы, несиенің жылдық пайызы небәрі 2,5 пайызды құрайды.

Талабы таудай кәсіпкер несиеге алған қаражатына сұйық ұнтақ өндіруге қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған.

ТЫҢ КӘСІПКЕ ТӘУЕКЕЛ



— Негізі, сұйық ұнтақ шығаруға қажетті құрал-жабдықты өзіміз құрастырдық. Ондай технологияны шетелден алдыруға қаражатымыз жетпеді. Содан ойлана келе бұл бағытта жұмыс істеп жатқан өзге өңірлердегі кәсіпорындармен байланыс орнатып, құрылғыға қажетті бөлшектерді сатып алып құрап шығардық. Алайда ұнтаққа қажетті шикізатты өзімізден дайындай алмадық. Содан Қытай мемлекетіне шығып, ұнтаққа қажетті химиялық сұйықтық пен иіс

шығарғыштарды сол елден алдырамыз.

Цехты іске қосқанымызға көп болмаса да алғашқы айларында 1 тоннаға дейін өнім алдық. Бағасын қолжетімді етіп қойдық. Соның арқасында сұраныс артты. Алайда несиені «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша алғаннан кейін «AMANAT» партиясы тарапынан тексерістер жүргізіліп, құрылғыны өздігімізден құрап шығарғанымыз өзімізге таяқ болып тиіп отыр. Олай дейтінім, бағдарлама бойынша несиеге алынған құрылғылар жаңа болуы қажет екен. Ал біздікі отандық бөлшектерден жасалғандықтан, оған қоса күнделікті химиялық қоспалармен жұмыс істегеннен кейін сәл ескіріпкіреп тұр. Сол жағы қос бүйірден қысуда, — дейді Әлмахамбет әкесінің қасында қолғанат болып жүрген ұлы Бекмұрат.

Мамытовтар әулетінің отбасылық кәсіп ретінде шығарып отырған ұнтақтарының сыртына таңбаланған «Тәтті» атауы да тартымды. Өздерінің туған ауылдарының атын асқақтатып, басқа өңірлерге танытуда.

— Жалпы, ауылға келіп жатқан тұрмысқа қажетті дүниенің бәрі сырттан әкелінеді. Олардың арасында жарамсыздары да аз емес. Содан әкем екеуіміз ойла-



Мамытовтар әулетінің отбасылық кәсіп ретінде шығарып отырған ұнтақтарының сыртына таңбаланған «Тәтті» атауы да тартымды. Өздерінің туған ауылдарының атын асқақтатып, басқа өңірлерге танытуда.

на келе кір жууға қажетті ұнтақты өз ауылымыздан шығаруға бел будық. Әрине, бастапқыда қиын болатынын түсіндік. Сондай қиындықтар алдымыздан қазірден шығып жатыр. Құрылғыларымызға жүргізілген тексерістен бөлек, күн суығанда ұнтақ шығаратын арнайы орын болмай тұр. Қазіргі цех күн жылыда ғана жұмыс істеуге арналған. Міне, осы мәселені біржақты етіп шешіп алсақ, қысы-жазы өнім шығаруға мүмкіндік туар еді. Ол үшін, әрине қаржы керек. Инвесторлар демеушілік жасаса,

өнім қуаттылығын еселеп арттыруды көздеудеміз. Ондай жағдайда жаңа жұмыс орындарын ашуға да мүмкіндік туады, — дейді Бекмұрат.

Бекмұрат әкесі екеуі ұнтақ шығарып қана қоймай, кір сабын өндірісін де жолға қойып жатыр. Оған қажетті сода өнімі ғана Қытай мемлекетінен алынса, қалған шикізаттың барлығы жергілікті жерден жиналуда. Әсіресе, тоңмаймен Тәтті ауылының шаруа қожалықтары ақ қамтамасыз етуде. Бұдан Бекмұрат иіс сабын шығаруды да жоспарлауда. Сұйық ұнтақ түрін де арттырмақ. Бұл бағытта ол қазір түрлі зерттеу жұмыста-

рын жүргізуде. Егер бұл жобалары да жүзеге асса, онда Тәтті ауылындағы кәсіпорынның өнімі өзге өңірлерге ғана емес, шетелге де шығуға мүмкіндігі бар.

«Кәсіптің көзін тапқан нәсіптің өзін табады» дейді дана қазақ. Мамытовтар әулетінің отбасылық кәсібі көз сүйсінтеді. Сыртқа көз тікпей, өз жерімізде осындай өнімдер шығарылып жатқанда талапты кәсіпкерлерді тек қолдау қажет. Мемлекет басшысы бағдар беріп жүрген ауылдардағы шағын және орта бизнестің дамығаны осы емес пе?!

АЙМАҚ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

ОТБАСЫЛЫҚ ТЫНЫШТЫҚ –
ТҰТАСТЫҚТЫҢ
КЕПІЛІ

Қазақ үшін отбасы – әрқашан қастерлі ұғым. Шаңырақ шаттығы шайқал-маса – елдің іргесі де сөгілмейді. Төрдегі төрелік пен босағадағы береке аман болса – мемлекет те еңсесін тік ұстайды. Алайда екінішке қарай, соңғы жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың кең етек жаюы қоғамның берекесіне сызат түсіргені ащы да болса шындық. Ыдыс-аяқ сылдырының жиі естілуі бір шаңырақтың ғана емес, тұтас елдің тыныштығына көлеңке түсірері хақ. Әсіресе, «жабулы қазан» күйінде қалып, сырт көзге білінбегенімен, іштен ірітетін мұндай қасірет талай отбасының шаңырағын ортасына түсіріп, сүттей ұйыған берекесін айрандай төккені жасырын емес...

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Дегенмен мемлекет те бұл түйткілге көз жұма қараған жоқ. Занды қатайту, құқық қорғау жүйесін күшейту, әлеуметтік бастамаларды енгізу – барлығы да отбасы институтын қорғауға, қоғамдағы тыныштықты сақтауға бағытталып отыр. Бұл ретте Ақмола облысында жүзеге асып жатқан тың тәжірибелер – бүкіл елге үлгі боларлықтай қадамдар десек артық айтпаспыз.

Мәселен, биыл Ақмола облысында отбасылық-тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтар саны 62,9 пайызға өсіп, былтырғы 54 деректен 88 жағдайға дейін жетіп жығылған. Әуелде бұл үрейлі көрінгенімен, астарына үңілесек – заң талаптарының күшейгенінің, құқық қорғау органдарының ұсақ-түйекті елемей, барлығын нақты қылмыстық іс ретінде қарастыра бастағанының айғағы болып отыр.

Өйткені былтырдан бастап «ұрып-соғу» мен «денсаулыққа жеңіл зиян келтіру» баптары әкімшілік жауапкершіліктен алынып, Қылмыстық кодекске енгізілгенді. Бұл – мемлекет тұрмыстық зорлықты «отбасының өзара шаруасы» деп емес, қоғамның тыныштығына төнген қатер деп бағалай бастағанын көрсетеді. Заңның қаталдығы – жәбірленушінің құқығын қорғаудың басты құралына айналған.

Мәселенің өзектілігін ескере отырып, Ақмола облысының прокуратурасы биылғы 30 наурызда Үйлестіру кеңесін ұйымдастырған. Кеңесте қоғамды алаңдатқан мәселеге бей-жай қарамай, нақты шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, жұмыссыз азаматтарды еңбекке тарту арқылы тұрмыстық жанжалдың алдын алу, маскүнемдік пен нашакорлықтан зардап



шегетіндерді уактылы мәжбүрлі емдеуге жіберу, жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құқықбұзушыны сотқа дейінгі тергеу барысында уақытша оқшаулау сияқты қоғамның аса өзекті мәселелерін шешу жолдары мен тетіктері дөп басылыпты.

қауіп төндірмейді. Бұл – отбасылық берекенің қалқанына айналған жаңа тәжірибе екені сөзсіз.

Қоғамда болып жатқан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ең үлкен себебі – ішімдік екені белгілі. Ішімдікке салынған жанның қолы – отбасының берекесін

**Ішімдікке салынған
жанның қолы – отбасының
берекесін бұзып,
сөзі – шаңырақтың шаңын
шығарады.**

Бұл қадамдар – жай қағаз жүзіндегі шешім емес, нақты нәтижесін беріп отырған пәрменді шаралар десек қателеспейміз. Қылмыстық кодекстің 108-1 және 109-1-баптарына сәйкес, енді отбасындағы күш көрсетуші уақытша оқшауланып, жәбірленушіге

бұзып, сөзі – шаңырақтың шаңын шығарады. Осыған орай Жарқайын және Сандықтау аудандарындағы орталық ауруханаларда арнайы айықтыру палаталары ашылыпты.

Мұнда масаң күйде тыныштықты бұзған азаматтар оқшау-

ланып, есін жиғанша арнайы ем қабылдайды. Бұл тәжірибе біртіндеп өзге аудандарға да енгізіліп жатқаны мәлім болды. Яғни, мемлекет тек жазалаумен шектелмей, түпкі себебін жоюға, алдын алуға күш салып жатқаны байқалады.

Сонымен қатар Ақмола облысында жүзеге асқан ерекше бірегей жоба – «Зиялы Қауым» десек артық айтпаспыз. Бұл – заң мен ұлттық дәстүрдің тоғысқан тұсы. Ата-бабамыздан қалған «ақсақалдың сөзі – токтам, үлкеннің ақылы – орынды» деген ұстанымды қайта жаңғыртып, құқық қорғау ісіне кіріктірілген еліміздегі тұнғыш бастама.

Жоба аясында облыстың 20 ауданындағы 589 ауылда шамамен 300 мың тұрғын жұмылдырылған. Әр ауылда абыз ақсақалдардан құралған комиссиялар құрылып, құқық қорғау органдарымен бірге қоғамдық тәртіпті нығайтуға барынша атсалысуда.

Нәтижесі де аса таңғаларлық. Соңғы бір жылда 589 ауылдың 98-інде бірде-бір қылмыс тіркелмеген болып шықты. Ал 35 ауылда тұрғындар өз еркімен ішімдік ішуден мүлдем бас тартқан. Бұл – ұлттық салт-дәстүрдің қоғамды түзетудегі ғажайып қуатының дәлелі екені анық.

Мемлекет басшысы да Ақмола облысынан бастау алған оң тәжірибесін аса жоғары бағалады. Осы жылдың 23 маусымында өткен құқық қорғау органдарының кеңейтілген алқасында өңірдің отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы үлгісі бүкіл елге таратылды. Атбасар ауданы Шуйское ауылының абыз ақсақалы ел тыныштығына қосқан үлесі үшін мемлекеттік марапатқа ие болды. Бұл марапат – тек бір ақсақалдың емес, тұтас ауылдың, елдің рухани тірегіне берілген әділ баға екені айқын.



СЕНБІЛІКТЕ КҮШ БІРІКТІРДІ

Шымкент қаласында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында кезекті кең көлемді сенбілік ұйымдастырылды. Бұл жолғы акция қала тұрғындарының табиғатқа деген жанашырлығын көрсетіп қана қоймай, қоғамдағы азаматтық белсенділіктің жоғары деңгейде екенін дәлелдеді.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Тазалық жұмыстары Шымкенттің барлық бес ауданында бір мезгілде өтті. Сенбілік барысында тұрғындар, жастар, түрлі мекеме қызметкері мен коммуналдық сала маманы бірлесіп, көшелерді, аулаларды, саябақтар мен қоғамдық орындарды күл-коқыстан тазартты. Нәтижесінде, қала аумағының көптеген аймағы жана келбетке ие болды.

Әл-Фараби ауданының Теріскей шағынауданындағы №33, 35 және 37 тұрғын үйлердің аулалары тазартылып, балалар ойын алаңдары мен жасыл желектер ретке келтірілді. Коммуналдық қызмет пен тұрғындардың бірлескен еңбегі көпқабатты үйлер ауласына жаңаша сән берді.

Абай ауданына қарасты Ақжайық шағынауданындағы Асфендияров көшесінің бойы күл-коқыстан аршылса, Еңбекші ауданында №30 мектептің аумағы мен маңы ретке келтірілді. Қаратау ауданында Нұртас шағынауданындағы Кеңжарық және Құлагер көшелері тазаланды. Ал Тұран ауданында Темірлан тасжолының бойындағы көпқабатты үйлердің аулалары абаттандырылды.

Сенбілікке қатысқан қала тұрғындары мұндай шаралардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Табиғат – біздің аманатымыз. Әрбір аула мен көше, саябақтың таза болуы келер ұрпаққа қалдыратын мұрамыз. Бүгінгі сенбілік экологиялық мәдениетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Сондықтан мұндай

бастамаларға барша тұрғындардың қатысуы қажет, – дейді акцияға белсенділік танытқан азаматтар.

Мұндай бастамалар тек қала тазалығын қамтамасыз етіп қоймай, қоғамдағы бірлік пен ынтымақты арттырады. Әрбір қатысушының еңбегі ортақ іске қосылған үлес ретінде бағаланып, тұрғындар арасында өзара сыйластық пен жауапкершілікті нығайтады.

Айта кетейік, тазалық жұмыстарына қала жастары да белсенді түрде қатысты. Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығының бастамасымен көптеген волонтер мен студент жастар акцияға атсалысып, өз үлестерін қосты. Олар қоғамдық орындарды тазалау, ағаш көшеттерін отырғызу және коқыс қалдықтарын сұрыптау жұмыстарын жүргізді. Жастардың белсенділігі – экологиялық мәдениеттің болашақта тұрақты қалыптасуына негіз болмақ. Бұл орайда жас буынға табиғатты аялау мен қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсіндірудің мәні зор.

МЕЖЕ

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Ақтөбе қаласы еліміздің ірі мәдени, білім-ғылым және өнеркәсібі дамыған аймақтардың қатарынан саналады. Бір жарым ғасырдан артық уақыт тарихы бар шаһардың болашақта мегаполиске айналу мүмкіндігі зор. Бүгінде қала шежіресі жаңа да жарқын парақтармен толығып, замана көшімен үндесе, өсіп-өркендеп келеді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Былтыр Ақтөбе қаласының 2050 жылға дейінгі даму жоспары бекітілді. Ұзақмерзімді даму жоспарымен қатар, қаланы дамытудың 2023–2026 жылдарға арналған Кешенді жоспары аясында көптеген игі жұмыстар атқарылып жатыр. Жакында облыс әкімі Асхат Шахаров Ақтөбе қаласының даму перспективалары, қалалық ортаны жаңғырту мен жақсартуға арналған кешенді мәселелерге қатысты жиын өткізді.

Жиында қаланың инфрақұрылымын дамыту, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ экологияны жақсарту, көлік қолжетімділігін арттыру және бизнес пен инвестиция үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жоба-жоспарлар жүзеге асу барысы қаралды. Асхат Шахаровтың алдында есеп берген қала әкімі Азамат Бекет өз баяндамасында қаланың дамуы және қолға алынған ірі жобалардың іске асу бағыты туралы айтты. Қала әкімі алдымен қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне айырықша тоқталды. Қаладағы коммуналдық тұрғын үй құрылысын жаңғырту және жанарту, инженерлік коммуникациялар саласында су, газ және электр желілерін тарту мен кеңейту, жол және асфальт төсеу, автомобиль жолдарын қайта жаңарту, көпір құрылыс секілді өзекті мәселелердің тиісті жобалар мен жоспарға сай атқарылу барысын талқылады.

— Жоспарланған жобаларды кешенді іске асыру қаланың абаттандыру деңгейін айтарлықтай арттырып, тұрғындар үшін жайлы жағдай жасайды. Ақтөбе қарқынды дамуда, біз бұл жұмысты қаламыздың болашағы үшін жалғастырамыз, — деді Азамат Бекет.

ҚОРШАҒАН ОРТА ТАЗАЛЫҒЫ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында Ақтөбе қаласының экологиялық ахуалын жақсарту, қоршаған ортаның сапасы арттыру және қала көшелерін абаттандыру мәселелері үнемі назарда. «AMANAT» партиясы қолға алған «Таза бейсенбі» ауқымды экологиялық акциясы Ақтөбе өңірінің түкпір-түкпірінде лайықты жалғасын табуда. Апта сайын партиялар, белсенділер, волонтерлер және қоршаған ортаның жай-күйіне бей-жай қарамайтын азаматтар қоғамдық орындарды, ескерткіш айналасын, су айдындары мен саябақтарды тазалайды.

Мәселен, ресми акпаратқа сәйкес, 2025 жылдың алғашқы жеті айында облыс бойынша 330-дан астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 9000-ға жуық жастың қатысуымен 10 мыңнан астам қап қоқыс шығарылған. Мысалы, «Ақтөбе» су қоймасы жағалауында облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» республикалық эколо-

шара. Шара барысында табиғат жанашырлары топқа бөлініп, қоқыс жинап жарысады. Талап — 40 минут ішінде қоқыс қаптарын толтыру. Атқарылған жұмысты бағалап, қорытындысын шығаратын арнайы комиссия құрылған. Оның құрамында облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының

дыру ісі қолға алынатын болды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында Астана қаласының Урбанистика орталығының мамандары 7 тамызда Ақтөбеге іссапармен барды. Сапардың мақсаты — жергілікті тәжірибені зерттеу, жүзеге асырылып жатқан жобаларды бағалау және қалалық ортаны жүйелі түрде жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге

кеңістігіне деген қарым-қатынастың көрінісі. Бізге фасадтар, жарнамалар, абаттандыру элементтері бойынша нақты стандарттар қажет. Тек осылай ғана біз визуалды тәртіп пен заманауи атмосфераға қол жеткіземіз.

Біз қазір қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытында бос жатқан жерлерді заманауи үлгіде абаттандыруға тырысып жатырмыз. Біздің жұмысымызға жанашыр кәсіпкерлер мен ірі кәсіпорындар да үлес қосып жатыр. Қазір демеушілердің қолдауымен 13 скверді жаңадан салу және ескілерін жаңалау жұмыстарын жүргізудеміз. Жұмысымызды көрсетіп, тәжірибе алмасу мақсатында Астанадан Урбанистика орталығының мамандарын шақырдық. Мамандар қалалық орта қалыптастыруға бағытталған тың ұсыныстарын беріп жатыр, — деді қала әкімі Азамат Бекет.

Астана Урбанистика орталығының мамандары Ақтөбелік әріптестеріне кәсіби әдістемелік қолдау көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді. Сондай-ақ Ақтөбеде бейімдеуге болатын бірқатар нақты ұсыныстармен бөлісті. Олар ландшафттық мастер-жоспар, қала бренді және көгалдандыру тұжырымдамасы секілді нақты үш негізгі құжатты енгізу туралы ұсыныс білдірді.

— Біз «Таза Қазақстан» акциясы аясында Ақтөбеге келіп, жергілікті тәжірибені зерттеп, үздік тәжірибелерді ұсынғымыз келеді. Әкімдіктің ұстанымы көңіл қуантады: бос жатқан жерлерде скверлер мен қоғамдық кеңістіктер пайда болуда. Бұл — дұрыс бағыт және біз оны қолдауға дайынбыз, — деді Астана қаласы Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкен.

Кездесу барысында астананың табысты тәжірибелері де айтылды. Мысалы, Астанада құрылыс компаниялары нысанды пайдалануға берген соң, аумақты абаттандыруға жауапты, олар аулаларды асфальттады, ағаш егеді. Мамандар Астанадағы секілді Ақтөбеде де ірі ағаштар егу керектігін және оның қалалық экожүйе үшін тиімділігі жөніндегі тәжірибелер туралы айтты. Сонымен қатар фасадтар, жарнамалар мен шағын архитектуралық формаларға арналған дизайн-код әзірлеуді, рұқсатсыз орнатылған жарнамалар мен визуалды тұрғыдан агрессивті элементтерді жоюды, сондай-ақ қала сәулетіне келмейтін ашық түсті шешімдерден бас тартуды ұсынды. Екі жақты талқылау нәтижесінде астаналық мамандар тарапынан ұсынылған шешімдерді іске асыруда жергілікті билік әдістемелік және кәсіби қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді.

Қоршаған ортаның тазалығы — ортақ абырой. Сондықтан қала немесе облыс басшылығы ғана емес, барша тұрғындар қоршаған ортаны таза ұстауға, табиғатты аялай білуге, бір кісідей тазалыққа жұмылуға тиіс. Тазалық пен тәртіптен басталатын жауапкершілік елге, Отанға деген сүйіспеншіліктің айқын белгісі десек артық емес.

Ал Ақтөбе өңірінің әлеуеті, дамуға деген ұмтылысы мен жаңа бастамалар болашақта қаланың аймақтық ғана емес, ұлттық деңгейдегі маңызын арттыра түсетіні сөзсіз.

Ақтөбе АБАТ ҚАЛАҒА АЙНАЛАДЫ



гиялық акциясы аясында өңір жастарының қатысуымен тазалық жұмыстары жүргізіліп, оған отызға жуық ерікті мен «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жұмылдырылды.

«Ақтөбе» су қоймасы маңындағы жағалауды тазалау жұмысына екінші жыл қатарынан келіп жатырмыз. Өкінішке қарай, қоқыс көлемі азаймай отыр. Сондықтан қала тұрғындарын қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарап, тазалықты бірге сақтауға шақырамыз. Табиғатты аялау — әрқайсымыздың ортақ міндетіміз, — деді облыстық Жастар ресурстық орталығы басшысының орынбасары Заманай Қайнарұлы.

Шара барысында қатысушыларға арнайы қаптар мен құрал-жабдықтар таратылып, бірнеше сағат бойы жағалауға жиналған қалдықтар тазартылған. Нәтижесінде, 50-ге жуық қап қоқыс жиналып, арнайы орындарға жеткізілді.

Жалпы алғанда, «Таза Қазақстан» республикалық акция Ақтөбе қаласын, қала маңы және облыс аумағын қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтардан тазарту жұмысы жыл он екі ай үздіксіз жүргізілумен қатар, «Таза жағалау», «Ардагерлерді ардақтайық», «Таза бейсенбі», «Мөлдір бұлақ», «Ұрпақтар сабақтастығы» секілді өзге де экологиялық бағыттағы бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Атап айтар болсақ, шілде айында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған JASYL CROSS-2025 экологиялық плоггингке 300-ге жуық адам қатысып, акцияға үлес қосты. Плоггинг — жыл сайын өтетін дәстүрлі

басшысы Әлімбек Тұралиев, «Атамекен» жастар қоғамдық бірлестігі және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының төрағасы Нұржан Шаңғытбаев бар.

— Плоггингке «Жасыл ел» еңбек жасақтарының бірлесе қатысуы өзара байланысты, достықты нығайта түседі. Меніңше, адамдар демалуға жиі баратын орындар көбірек ластанады. Ал бұл аумақта бөтелкелердің көп екенін байқа-

асырылып жатқан бұл іс — елордалық табысты тәжірибелерді өңірлерде кеңінен енгізуге бағытталған.

Астаналық мамандармен бірге Ақтөбе облыс әкімінің орынбасары Асылбек Есенбаев, Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекет қаланың ескі және жаңа бөліктерін жаяу аралады. Олар аланың Шернияз, Алтынсарин, Ахтанов, Ломоносов көшелері, Әбілқайыр хан, Бейбіт-



дым. Бәріміз бірлесе осы аумақта шашылып жатқан қоқысты жинадық, — дейді М.Сембаева.

Тек қана осы плоггингке қатысушылар бір мезетте 10 тоннаға жуық қоқыс жинап, қоршаған орта тазалығына зор үлес қосқанын ерекше атап айтуға болады.

АСТАНАЛЫҚ СТАНДАРТ ЕНГІЗІЛЕДІ

Ендігі кезекте Ақтөбені астаналық стандарт негізінде абаттан-

шылық, Тәуелсіздік даңғылдары, Есет батыр және Алтын Орда шағын аудандары, саябақтар мен скверлеріне барып, қаланың экологиялық жағдаймен танысты. Қаланы аралау кезінде өңір басшысы атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы және бизнес өкілдерінің қалалық инфрақұрылымды түрлендірудегі рөліне назар аударды.

— Қаланың сыртқы келбеті — бұл жай ғана эстетика емес, бұл өз

ДОДА

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ

Күні кеше ғана Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінің плей-офф ойыны өтті. Алматылық «Қайрат» қонақта Шотландияның «Селтигмен» ойнап, ешкім күтпеген нәтиже тіркеді. Иә, есеп 0:0 болғанымен, тартысты ойын өте жоғары деңгейде өтті. Онымен қоса, Қайрат қонақта Селтиктен жеңілмеген тарихтағы тұңғыш қазақстандық команда болды.

Әсет ҚАЛИ

Шотландияның бетке ұстар «Селтик» командасы Қазақстанға осымен 4-ші рет ат басын тірейін деп жатыр. Иә, Селтик қанша рет келсе де, әр келуін жеңіспен тойлап кететін әдеті бар. Элиталық лигаға шығуымыз үшін дәл осы Селтик біздің сорымыз да, бағымыз да болайын деп тұр. Жасыл-ақ жолақтылар ең алғаш Қазақстанға 2013 жылы табан тіреген еді. Ол уақытта дүркіреп тұрған қарағандылық «Шахтер» плей-офф кезеңде өз алаңында шотландиялықтарды 2:0 есебімен жеңіп, сенсация жасап еді. Міне, сол кездегі бағымыз оңынан туып тұрғандай көрінді. Бірақ шешуші Глазгодағы қарымта матчта интрига соңғы секундтарға дейін өмір сүргенімен, Джеймс Форрест голы «Селтикті» алға алып шығады. Солай есеп 3:2 есебімен аяқталып, үйімізге жыларман халде қайтқан едік. Одан кейінгі кездесу 2016 жылы тіркелді. «Астана» өз алаңында 1:1 есебімен ойнағанымен, тағы да Шотландияда бәрі соңғы минуттарда қайта шешілді. Бұл жолы 90-минутта Мусса Дембеленің голы «Селтикке» жолдама алып берді. «Селтиктің» соңғы сапары 2017 жылы болды. Бұл жолғы сапар біздің құрама үшін мүлде сәтсіз нәтижемен аяқталды. «Астана» сырт алаңда 0:5 есебімен ойсырай жеңіледі. Жігіттеріміз өз алаңындағы ойында 4:3 есебін тіркесе де, келесі кезеңге шыға алмаған едік.

ТЕҢ ТАРҚАСҚАН ОЙЫН

Матчтың өзіне келер болсақ, көп жанкүйер жасыл-ақ жолақтылар «Қайратты» қорғанысқа басып тастайды деп ойлады. Себебі бұл Селтик былтыр чемпиондар лигасында ойнаған. Ойнап қана қоймай, немістің даңқты «Бавариясына» сес көрсетіп, жолы болмаса да біраз жақсы ойын көрсеткен еді. Көпшілік азар болса 3 не 4 голды қақпамызға жіберіп, тағдырымызды бірінші матчта шешіп кетеді деп күткендей болды.



СЫРТ АЛАҢДАҒЫ СЕНСАЦИЯ

Алайда матч басталған бетте бұл үрей мүлде сейіліп кетті. «Қайрат» «Селтикпен» бұрын ойнап жүрген ескі достай өте сауатты ойнап шықты десек болады. Себебі алғашқы минуттардан бастап қысқа шабуылдар арқылы комбинацияға ұласқан пастар қарсыласты біраз есепсіздігімен тастады.

Небәрі 11-минутта «Қайрат» қарсыласқа гол соғып, есепті ашты. Бірақ гол есепке алынбады. Орталық қорғаушының бірі Мартинович оффсайдқа түсіп, өз мүмкіндігін жіберіп алды. Ізін суытпай толассыз келген қауіпті сәттер қарсылас айып алаңында көп болды. Бірде пас жетпей қалса, енді бірде соққымыз дәл ұшпай жатты. Ойын есебі тең демесек, «Қайрат» «Селтиктен» бір бас жоғары ойнады деуге негіз бар. Бірінші таймның өзінде статистикада Селтик біздің аймаққа 2 соққы жасаса, біздің жігіттер 5 соққымен басым түскен.

Ал екінші таймда «Селтик» қарқынын күшейтті. Тіпті, жылдам гол соғып кетуіне сәл қалды. Бірақ сол эпизодта доп қақпа бағанына тиіп, қақпашымыз Александр Заруцкий бір ажалдан құтқарып



қалды. Әдетте «Селтик Паркте» 60 мың жанкүйердің алдында ойнау онайға соқпайды. Бірақ Заруцкийдің әр минут сайын сенімді сейвтар жасай отырып, командаластарына рух бергені іштей бір уайымшылды басып отырғандай болды. Екінші таймның ортасында негізгі қақпашымыз жарақат алып, орнына Темірлан Анарбеков шықты. Жас ойыншы дебютін осындай жауапты матчта алса да, еш саспай тәуір ойнады. 57-минутта «Қайратқа» алғашқы голды соғатын керемет сәт туған еді. Шабуылшымыз Эдмилсон қарсыластың қателігін пайдаланып, алаңның ортасынан допты төбелете тепкенімен, доп қақпа маңдайшасынан жоғары ұшты. Бапкерлер мен жанкүйер дәл осы сәтте қуануға шақ қалған еді. Амал нешік, қарсыластың бағы жанды.

АЛТЫН ҚҰРАМНЫҢ
АЛТЫН ЖІГІТТЕРІ

Құрама сапында кейбір өзгешеліктер болғаны рас. Иә, ойынға

дейін Валерий Громыко қатыспайды деген сыбыстар болған еді. Алайда ереже бойынша оның алаңға шығуға толықтай мүмкіндігі бар екенін естіп, біраз маркайып қалдық. Қайрат сапында ұлттық құрамада ойнайтын 4 ойыншымыз ойынның алғашқы минутынан бастап шықты. Олар Александр Заруцкий, Еркін Тапалов, Дастан Сәтпаев, Александр Мринский болды.

Сарапшылар ойынның үздік ойыншысы деп Еркін Тапаловты айтты. Себебі Тапаловтың негізгі ойнайтын қапталы тірекші, бірақ ол осы ойында сол қапталды толығымен өз мойнына алды. Әуелден ол қызмет Луиш Матаның құзыретінде болғанымен, оның алаңға шықпауы отандасымызға үлкен мүмкіндік берді. Одан бөлек, қарсыластың тәжірибелі әрі қауіпті ойыншысы Джеймс Форрест дәл осы Тапаловтың қапталында оған қарсы ойнады. Ал өз кезегінде Еркін Тапалов допка тез жетіп, керек кезде



ласымыз Алматыға 5 600 шақырым ұшып келеді, шамамен 10 сағаттай жол. Одан кейін дайындалуға уақыт болмайды. Оның үстіне, Алматының ауа райы, биіктік, таулы аймақтың ерекшелігі де өз әсерін тигізбей қоймайды.

«Қайрат» өз алаңында әрқашан сенімді ойнайды. Бұған дейін «Слованды», «КуПС-ты», «Олимпия Любляна» өз жерімізде жеңгенбіз. Сондықтан сенім бар, мүмкіндік мол, — деді осы ойынды жүргізген спорт комментаторы Еркін Ерік.

NO DASTAN, NO PARTY

Осы ойынның қап әттеген-ай дейтін жері соңғы минуттарда болды. Матчтың бітуіне 1 минуттай қалған кезде Дастан Сәтпаев қарсыластың айып соққысына аяғын тосып, болмайтын жерден сары қағаз алып кетті. Еске сала кетсек, өткен матчта Дастан сары қағаз алған болатын. Демек, ереже бойынша тағы да сары қағаз алса, келесі ойында ойнамайды.

Жалпы, сарапшылар мен спорт комментаторлары осы сәтке байланысты түрлі ой айтты. Бірі «неге Дастанды ауыстырмады?» десе бірі «неліктен Дастанды қорғанысқа ығыстырмады?» деді. Қарымта ойында Дастанның жоқтығы аз да болса білінері анық.

— Әрине, қарымта ойында Дастан Сәтпаевтың алаңға шықпауы ойынға әсер етеді. Команда көптен бері онымен бірге ойнап үйреніп қалған. Бірақ бұл Қайрат міндетті түрде әлсірейді дегенді білдірмейді. Дастанның орнына Эдмилсон бар, Громыка бар, жас талант Рамазан Бағдат бар. Солардың бәрі жүгін көтеруге дайын. Әрине, Дастан ойнағанда «Қайратқа» жеңіл болар еді, бірақ ереже бар, оны айналып өте алмаймыз. Ең бастысы, қалған жігіттер шабуылда бар қызыл салып, жанын беріп ойнайды деген сенімдеміз, — дейді спорт комментаторы Әлімжан Асқар.

Қайрат клубының бас бапкері Рафаэль Уразбахтин Дастан Сәтпаевты неге сонына дейін ұстағанын айтқан болатын.

— Дастан қарсыластың қалай ойнайтынын түсініп, біліп алды. Сондықтан оны ауыстырсақ, керісінше жағдайды қиындатып аламыз деп ойлады. Біз оның сәл шаршағанын және сары қағаз алуы мүмкін екенін білдік. Әлгі сәтте инерциямен аяғын көтеріп қалды. Қарсыластың қапталында ротация көп болды. Ал соның барлығын Сәтпаев, Тапалов және Арад жақсы түсініп жүрді. Сондықтан шабуыл шебіне шыққан ойыншы дәл солай сапалы ойнай алмайды деп қорықтық.

Сондай-ақ Дастаннан бірнеше рет жағдайын сұрадық. Ол әлі ойнай алатынын айтты. Бірақ қарымта матчқа қатыса алмайтыны өкінішті, — деді «Қайраттың» бас бапкері Ермұхамед Мәуленге берген сұхбатында.

Ендігі шешуші ойын Алматы орталық стадионында өтпек. Арманда кеткен чемпиондар лигасына шығуға бір ғана қадам қалды. Барша қазақ жұрты тақымын қысып, жанын шүберекке түйіп, тастүйін дайындықпен осы ойынды асыға күтіп отыр. Алматылық «Қайраттың» асығы алшысынан түссе екен дейміз.

АЙНА

23 ТАМЫЗ 2025 | СЕНБІ



Өнер – адамның ішкі әлемі мен рухани ізденістерінің тоғысқан кеңістігі. Әсіресе, театр – жүрек пен ақылдың, шынайылық пен қиялдың сахнада үйлесім табатын биігі. Осы кеңістікте өзіндік сұрлеуін салып келе жатқан жас актер Ақжол Мамыр – бүгінгі сахнадағы жаңа толқын өкілдерінің бірі.

Ақжол МАМЫР,
актер:

Шынайы ӨНЕР

ҮНСІЗ ДЕ СӨЙЛЕЙДІ

— Бір рөлге дайындық барысында өзіңіз туралы бұрын-соңды байқамаған, күтпеген қырларыңызды ашқан сәттер болды ма? Сол сәтте сіздің ішкі жан-дүниеніз, кәсіби ұстанымдарыңыз өзгерді ме?

— Иә, ондай сәттер жиі кездеседі. Әсіресе, «Кешкі 7» спектаклі қойылар кезде ерекше бір тәжірибе жинадым. Бұл қойылымның ерекшелігі — әр актер өзінің жазған жеке әнін сахнада орындайды. Ал мен бұған дейін жеке ән жазып көрмеген едім. Бір сәтте өзіме: «Ән қалай жазылады? Оның әуені мен мәтіні қайдан туады? Бұл процесс қалай?» — деген сұрақтар қойып, шығармашылық толғанысқа түстім. Көп ойландым, кеңес те сұрадым. Бірақ бәрібір ішімдегі бір тұтас дүние шықпады. Бір күні — күтпеген сәтте жүрегімнен бір әуен туып, оған сөздер қосылып, «Жігіттер» деген ән дүниеге келді. Бұл мен үшін күтпеген жаңалық болды. Осы сәтте өзімде бұрын байқалмаған композиторлық қабілет барын сездім. Бұл тек кәсіби емес, рухани жаңалық болды. Өнер адамы ретінде ішкі шекараларды бұзып, жаңа қырымды аштым.

— Тарихи рөлдермен жұмыс істеген кезде қандай жауапкершілікті сезінесіз? Бұл рөлдер сіздің кәсіби дамуыңызға және сахнадағы көзқарасыңызға қалай әсер етеді?

— Менің шығармашылық жолымның басым бөлігі — тарихи рөлдермен тығыз байланысты. Тарих — бұл тек өткен күндердің шежіресі емес, ол — бүгінгі болмыстың тамыры. Біз сахнада бабаларымыздың бейнесін көрсеткенде, көрермен тек бейне емес, рухты, руханиятты, өткен өмірдің лебін сезінуі керек. Ол үшін тек актерлік шеберлік жеткіліксіз. Әрбір рөлге кірісерде мен сол тұлғаның өмір сүрген уақытын, сол кезеңдегі адамдардың мінезін, болмысын зерттеуге тырысамын. Егер уақыт жетпей жатса, ұқсас мінез-құлықтағы адамдарды немесе сол заманды сипаттайтын деректерді іздеймін. Бұл — ішкі сенімділік береді. Өйткені рөл сенімді болмаса, көрермен де сені қабылдамайды. Тарихи рөлдерді зерттеу арқылы мен өзімнің де ұлттық болмысыма, өткеніме тереңірек үңілемін. Бұл тек сахна емес, өмірлік сабақ сияқты.

— Комедиялық және трагедиялық рөлдердің әрқайсысының өзін-

дік табиғаты мен тереңдігі бар. Осы екі жанрдың қайсысы сіз үшін актер ретінде көбірек кәсіби сын-тегеурін тудырады? Қай жанрда өзіңізді еркінрек сезінесіз, ал қайсысы сізді терең ізденуге итермелейді?

— Шынын айтқанда, комедия ойнау әлдеқайда қиын. Себебі адамдарды күлдіру — олардың ішкі қорғанысын бұзып, шынайы эмоция туғызу деген сөз. Ал бұл үлкен еңбек пен дәлдікті талап етеді. Комедияда сен көрерменнен бір саты төмен тұруың керек. Өзіңді мазақ ете білу, иронияны жеткізу, ұялмай, қорықпай ойнау — кез келген актердің қолынан келе бермейді. Ал трагедияда жүректен шыққан мұң жеткілікті болуы мүмкін. Ко-

ойын емес. Бұл да еңбек. Өйткені көрерменге жалған дүние өтпейді. Шынайы болмаған рөл жүрекке жетпейді.

Ал сезініп ойнаған сәт — ол нағыз сикыр. Ондайда кейіпкер сенің бойыңда өмір сүріп, сен арқылы сөйлейді. Мұндай сәттер жиі бола бермейді, бірақ сол сәттер үшін біз сахнаға қайта-қайта ораламыз.

— Актер болу — өмір салты, тіпті тағдыр десек те болады. Осы жол сіздің жеке өміріңізге, ойыңызға, сезімдеріңізге қандай салмақ түсірді? Қоғам, көрермен алдындағы жауапкершілікті қалай сезінесіз?

— Актер болу — тек сахнаға шығып, рөл ойнау емес. Бұл — үлкен жауапкершілік. Себебі сен сахна-



медияда уақыт, интонация, пластика бәрі бірдей дәл жұмыс істеуі керек. Сондықтан мен үшін әзірге комедиялық рөлдер күрделірек, бірақ оларды ойнау арқылы өзімді дамытуға тырысамын.

— Эмоцияны «жасап көрсету» мен шынайы «сезініп» ойнаудың айырмасы қандай?

— Актер эмоцияны әрқашан шынайы сезінуге тырысады. Бірақ өмірлік тәжірибе, жас мөлшері, ішкі сезімнің жетіспеушілігі кейде толық сезінуге мүмкіндік бермейді. Мысалы, кейіпкерің ауыр қайғы кешсе, ал сен өмірде ондайды көрмеген болсаң, оны шынайы жеткізу қиын. Мұндайда біз сыртқы формаға сүйенеміз: қимыл, дауыс, мимика арқылы эмоцияны жасап көрсетеміз. Бірақ бұл жай ғана

да — халықтың алдындасын. Сенің әр сөзің, әр әрекетің — әсер, тәрбие, ой. Көпшіліктің көз алдында жүрген соң, өзіңе де талап көбейеді.

Кейде өз-өзіме сұрақ қоямын: «Неге мен осы жолды таңдадым? Бұл менің миссиям ба?» деп. Бұл сұрақтардың жауабын бірден табу мүмкін емес. Бірақ уақыт өте келе, мен өз орынды, өз мақсатымды ұғып келе жатқандаймын.

Бүгін мен болашағымды сөзбен емес, іспен көрсеткім келеді. Шынайы өнер үнсіз де сөйлейді. Мен де өзімнің шынайылығыммен халыққа әсер еткім келеді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгерім Орынбайқызы,
ЕҰУ студенті

ФОРУМ

ӨНЕРЛІ ЖАСТАР – БІШКЕК ТӨРІНДЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Бішкек қаласында ІІІ қазақ-қырғыз өнерлі жастар форумы ұйымдастырылды. Биыл форум шығармашыл жастар арасындағы цифрлық және инновациялық ынтымақтастықты дамытуға арналды.



Жиын қос халықтың тарихы мен мәдениетін зерттеудегі Шоқан Уәлихановтың еңбегі туралы «Чокан Валиханов: тарихтың жарық жылдызы» атты деректі фильмінің тұсаукесерінен басталды.

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Иманқұлов, сондай-ақ екі елдің мәдениет, ғылым және шығармашылық саласының өкілдері мен зиялы қауым қатысты.

Аида Балаева Шоқан Уәлиханов еңбектерінің қазақ-қырғыз тарихындағы орнын ерекше атап өтті.

«Әлемге әйгілі «Манас» дастаны қырғыз ұлтының бойтұмары болса, оны алғаш рет қағазға түсіріп, көпке насихаттауда Шоқан Уәлихановтың еңбегі зор. Сондай-ақ оның «Ыстықкөл күнделігі» — қазақ-қырғыз бірлігінің ғылым мен руханияттағы жарқын көрінісі. Қырғыз бауырларымыз түсірген бүгінгі «Чокан Валиханов: тарихтың жарық жылдызы» деректі фильмі тарихи әрі мәдени құндылығы зор, мағыналы туынды болады деп сенемін», — деді министір.

Қырғыз Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Иманқұлов екі елге ортақ тарихи тұлғалардың маңызына тоқталды.

«Қырғызстан мен Қазақстан тарихында Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Жамбыл

Жабаев, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов сынды ұлы тұлғалар бар. Олар мәдени және рухани дәстүрлер арқылы қос халықтың бірлігі мен бауырлассығына зор үлес қосты. Дәл осы кайраткерлер бүгінгі жастарға шабыт беріп, оларды жасаппаздық жолын жалғастыруға жетелеп келеді», — деді ол.

Форум аясында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қырғыз Республикасының мәдениет, ақпарат және жастар саясаты министрі Мирбек Мамбеталиевпен кездесіп, мәдени-гуманитарлық әріптестікті дамыту мәселелерін талқылады.

Бұдан бөлек, форум креативті индустрия мен цифрландыру мәселелеріне назар аударды. «Жаңа буын AI-стартаптары: жергілікті идеядан жаһандық нарыққа» және «Ed-tech жобалары: жаңа сын-кәтерлер» тақырыптарында панельдік сессиялар өткізілді. Оған 300-ден астам жас IT-кәсіпкерлер, стартапшылар, бағдарламашылар, блогерлер мен медиа мамандар қатысты.

Мемлекет басшысының Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Бішкекте Қазақстанның мәдениет күндері өткізілуде. Оның аясында «Қазақстан киносы күндері» ұйымдастырылып, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мерекелік концерт ұсынылды.

Б.ИКРАМОВА



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4633
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,